Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 34 (1037)

27.08.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

47000 БАЛА БІРІНШІ СЫНЫПҚА БАРАДЫ

ЕНДІ БІР АПТАДАН КЕЙІН КҮМІС ҚОҢЫРАУ ҚАҒЫЛЫП, ҚОҢЫР КҮЗ ДЕ КЕЛЕДІ. БІЛІМ ҰЯЛАРЫНЫҢ ЕСІГІ АЙҚАРА АШЫЛАДЫ. ӨТКЕН ЖЫЛЫ ӘЛЕМДІ ЖАУЛАҒАН «COVID-19 БЕН ПАНДЕМИЯ» ІНДЕТІНІҢ ӨРШУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ «ОНЛАЙН» ЖҮЙЕСІНЕ КӨШКЕН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ОҚУ ЖҮЙЕСІН ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ КЕЗЕҢІНДЕ ІСКЕ АСЫРҒАН БОЛАТЫН. ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ЖАЛҒАСАДЫ ДЕГЕН ЖЫЛЫ ХАБАР БІЛІМ АЛАТЫН ТҮЛЕКТЕРМЕН ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ ҮШІН ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚ БОЛЫП ТҰР.

Реформа жасаудан рекордтық көрсеткішке жеткен Білім және Ғылым Министрлігінің «екі тізгін, бір шылбырын» қолына алған бас ұстаз Асхат Аймағамбетовке ел де, ұстаздар қауымы да әзірше дән риза. Биылғы оқу жылының басты жаңалығы экс-министр Ерлан Сағадиев құрбандыққа шалып жіберген «Әліппе» оқулығы бастауыш сыныптарға қайта оралды. Жалпы білім саласы туралы алдағы кезеңдерде ұзын сонар мақала жариялайтын боламыз. Әзірге қоржынның аузын буа тұрып, жаңа оқу жылына қатысты, облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұмановтың қатысумен онлайн форматта ұйымдастырылған, облыстық білім басқармасында өткен тамыз кеңесінен қысқаша баяндама ұсынсақ.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін кеңесте облыстық білім басқармасы бастығының міндетін атқарушы Ж. Сүлейменова баяндама жасады. Ол өз баяндамасында өткен оқу жылының қорытындысын саралап, жаңа оқу жылына қойылған міндеттерді айқындады. 19 пәндік, 31 түрлі бағыттар бойынша тақырыптық алаңдар ұйымдастырылғанын, онда оқу жылының қорытындысы және жаңа оқу жылындағы білім берудің негізгі білім басымдықтары, оқыту мен тәрбиелеудің барлық өзекті мәселелері талқыланып, ұсыныстар берілгенін айтты. Індет өршіген кезеңде білім беруде жіберілген қателіктердің орнын толтыруды көздеген білім басқармасы тиісті шараларды қабылдап жатқанын тілге тиек етті. Баяндамашы мектепке дейінгі білім беру бойынша облыста 1325 ұйым (186 мемлекеттік балабақша, 815 жеке меншік, 324 шағын орталық) жұмыс жасайтынын, мектепке дейінгі біліммен 101,7 мың бала қамтылып, оның ішінде жеке меншік балабақшада - 649 630 бала тәрбиеленіп жатқанын, ағымдағы жылы 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту деңгейін 95,4%-ға жыл соңына дейін 99%-ға қамтуды жоспарлағандарын айтты. Орта білім жүйесінде, мектептерде оқу санитарлық шектеулерді сақтай отырып, штаттық режимде жүргізіліп, оқыту мерзімі жазғы мектеп есебінен 4 аптаға ұзартылады. Сабақтың ұзақтығы - 45 минут болатын, «Бір сынып - бір кабинет» жүйесі қолданылады деді. Індеттің өршуіне байланысты бүгінгі күні жалпы педагогтердің 91%, техникалық қызметкерлердің 93% вакцинация алды.

Жалғасы 2-бетте

АҢДАТПА

КОНКУРС ЭТНОЖУРНАЛИСТИКИ «ШАНЫРАК» 3-бет

ДОМ, В КОТОРОМ Я ЖИВУ

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ 4-бет

БІЛІКТІ КАДРЛАР МЕН БІЛІМДІ ЖАСТАР басқа елді неге бетке алады?

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ 5-бет

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДАҒЫ КӨМЕК

САҒЫНЫШ 9-бет

АЙТЫСТЫҢ АҚ КИМЕШЕКТІ АҚЫНЫ

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне II жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

47000 БАЛА БІРІНШІ СЫНЫПҚА БАРАДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Жаңа оқу жылында 1-сыныпта «Әліппе», «Ана тілі», «Цифрлық сауаттылық» пәндері енгізілді. 1-сынып оқушылары үшін алғашқы қоңырауға арналған «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны ұйымдастырылып, «Әліппе» оқулығы салтанатты түрде табыс етіледі. Ал, 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаттары өтетінін айтты. Сондай-ақ, аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан білім алушыларға жалпыға міндетті оқу қорынан мектеп формасын сатып алуға 414 850 млн. теңге қаржы бөлінгенін, білім беру ұйымдарына оқу-әдістемелік кешендерін

сатып алу үшін жергілікті бюджеттен 3,8 млрд. теңге қаражат бөлініп, барлық мектеп оқушылары 100% оқулықпен қамтылғанын баяндады. Әлі күнге дейін елді мекендерде білім беру ұйымдары жоқ. 66 елді мекенде оқушыларды мектепке және мектептен үйге жеткізу үшін өткен жылы жергілікті бюджеттен 71 автобус (900 млн 052 мың теңге) сатып алынса, Білім және ғылым министрлігіне 43 автобус сатып алу үшін сұраныс берілгенін мәлімдеді. Тамыз кеңесінде Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша студенттердің стипендиясы 25%-ға, оның ішінде педагогикалық мамандықтар бағытында оқитын студенттердің стипендиясы 2 есеге, педагогтардың жалақысы 25-%-ға өсетінін атап өтті.

Жалпы Алматы облысы бойынша 760 мектеп жаңа оқу жылына есігін айқара ашпақ. 9 мектеп күрделі жөндеуден өтуі тиіс болса, соның бесеуі 1-қыркүйекке дейін пайдалануға берілуі керек. Сондай-ақ, жылдан-жылға бастауыш сыныптар саны артуда. Мәселен биылғы оқу жылында 1-сыныпқа ата-аналардан 47000 тапсырыс түскен.

А. ДІНИСЛАМ.

КӘСІБІ-НӘСІБІ

ЭТНО ШЕБЕРХАНАСЫ АШЫЛДЫ

Алматы облысында жүн өңдейтін және ұлттық көрпелер шығаратын этно шеберханасы іске қосылды. Ақсу ауданы әкімдігінің мәліметі бойынша, шеберхана «Тамшыбұлақ» қорының жетекшісі Жанат Есімбековтың бастамасымен Қапал ауылында ашылды. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Қор жетекшісінің айтуынша ауылдағы кәсіпкерлікті дамытып, жастарды кәсіпке үйретуге бағытталған әлеуметтік маңызы бар жоба «Азаматтық бастамаларды» қолдау орталығы ҚЕАҚ-ның арнайы конкурсы шеңберінде берілген грант есебінен жүзеге асқан.

– Қазіргі уақытта өз кәсібіңді ашып, еңбек ету керек. Сондықтан біз уақыт ағымына қарай өз кәсібімізді бастауға бел будық. Бағдарлама жеңімпазы атанып, қайтарымсыз несиге қол жеткіздік. Ендігі кезекте ұлттық өнердің қайта жаңғырып, дамуына өз үлесімізді қосқымыз келеді, – дейді Ж. Есімбеков.

Жобаның жалпы құны 500 мың теңге. Бүгінгі күні 2 жұмыс орны құрылып, 10 адам ұлттық өнердің қыр-сырын оқып-меңгеруде. Басты мақсат – ұлттық өнерді әдемі көрпелерге кестелей отырып дәстүрді қайта жаңғырту. Алғашқы кезеңде этно шеберхана ауыл халқын өніммен қамтамасыз етуге бағыттайды.

Сондай-ақ, Қапшағай қаласында көп балалы ана Жанат Медетқызы да «құрақ көрпе» құрақ бұйымдарын жасаудың ескі технологиясын ойдағыдай дамытуда. 15 жылдан астам тәжірибесі бар қолөнер майталманы қапшағайлық бойжеткендерге өз білгенін үйретуде.

Жанат Медетқызының айтуынша, бір күнде цех тігіншілері 40-50 қалыңдыққа арналған жасау жүктерін тіге алады. Әрбір өнімге тігіншілер білек сыбана кірісіп, тапсырыстың сапалы шығуына барын салады. Тігіншінің ойынша, құрақ тігісі көп уақытты қажет етсе де, көркемдік талғамды қажет ететін өте қызықты іс. Өйткені, түстер мен пішіндерді бір-бірімен үйлестіріп, үйлесімді үлгіге айналуы үшін таңдау керек. Құрақ жастықтар, көрпелер, жапқыш өзінің қанық түсті, сан түрлі оюларымен көптің таңдайын қақтырады. Цехта барлығы 20-дан астам өнім түрі шығарылады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

ХОББИІН КӘСІПКЕ АЙНАЛДЫРҒАН ЖАНДАР

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫНА ӨЗІНДІК ҮЛЕСТЕРІН ҚОСЫП КЕЛЕДІ. БАСЫМ КӨПШІЛІГІ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН КӨРСЕТІЛГЕН ҚОЛДАУДЫҢ АРҚАСЫНДА ӨЗІНІҢ ХОББИИН ЖЕКЕ КӘСІБІНЕ АЙНАЛДЫРЫП ҮЛГЕРДІ. СОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ҚАРАСАЙ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ҒАЛИЯ ҚОЖАМБЕРГЕНОВА ДА БАР.

Мамандығы бойынша инженер-құрылысшы болса да тігін ісіне қызығушылық танытып, сүйікті ісіне айналдырды. Сөйтіп, өзінің тігін цехын ашты. Облыс бойынша «Еңбек» бағдарламасы бойынша мыңнан аса бизнес жоба қайтарымсыз грант немесе жеңілдетілген несие иегері атанған. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Кәсіпкердің айтуынша, аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы оқуға қатысып, жобасын қорғап, «Еңбек» бағдарламасы аясына 583 мың теңге көлемінде қайтарымсыз несие алған. Осылайша, мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың нәтижесінде жеке цех ашыпты.

«Грант бойынша берілген қаражатқа маманданды-рылған тігін машинасы және қажетті құрал-жабдықтар, маталар сатып алдым. Қаскелең қаласындағы бизнес орталықтардың бірінде цех ашуға жарайтын ғимарат жалдадым. Бүгінгі күні үш адамды жұмыспен қамтып отырмын. Тапсырыстар жергілікті тұрғындардан ғана емес, басқа да қалалардан түсуде», – дейді кәсіпкер Ғ. Қожамбергенова.

Кәсіпкерлер Палатасы Қарасай аудандық филиалы директоры Орынбай Жанәділдің берген мәліметіне сүйенсек, биылғы жылы Қарасай ауданында «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 484 аудан тұрғыны оқып, оның ішінен 70 бизнес-жоба қаржыландырылыпты. Бұдан бөлек Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласының жас кәсіпкері мемлекеттік бағдарламаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып, автөкөліктерге техникалық қызмет көрсететін орталық ашқан.

Жиырма тоғыз жастағы Алпамыс Жақұпов та «Бастау Бизнес» жобасы аясында оқып, былтыр 550 мың теңге көлемінде грант ұтып алыпты. Бүгінде оның ашқан орталығы автокөлікке арналған техникалық байқаудық барлық түрінде қызмет етеді.

Аудандық кәсіпкерлік бөлімі берген мәліметке жүгінсек, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша биылғы жылы 350 адам оқуға ниет еткен. Оның 280-і кәсіпкерліктің қыр-сырын үйренуді бастап та кеткен. Микро несиені 80 тұрғынға беру жоспарланса, оның 60-ы 235,8 млн. теңге микронесие алып үлгеріпті. Тағы 115 тұрғын мемлекеттік грант иесі атанса, оның 85-і жобасын қорғап, 50 млн. теңге көлемінде қаражат бөлініпті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

МАМАН МІНБЕРІ

ЕКІПЕ – ПАНДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ҚАРУ

АДАМЗАТТЫҢ ӘЛЕМІНЕ ҮРЕЙ МЕН АЖАЛ ӘКЕЛГЕН ҚАРА ІНДЕТ – COVID-19 БҮКІЛ ЖЕР ШАРЫН ДҮРБЕЛЕҢГЕ ТҮСІРІП, ӨРШІП БАРАДЫ. КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН «ҚЫЛҚҰРТТЫҢ» ЕМІН ТАУЫП, ТӨТЕНШЕ КЕЛГЕН АЖАЛДАН АДАМЗАТТЫ ҚҰТҚАРУ ҮШІН ОЛ ЖАППАЙ ВАЦИНАЦИЯЛАНУ ТӘРТІБІН КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ ДЕП ЕСЕПТЕЙМІН.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та коронавируспен күресудің бірден-бір тиімді әрі сенімді жолы вакцина салу екенін атап өтті. Мұны локдауннан шығу жолын ертерек ойластырған елдердің тәжірибесі дәлелдеп те отыр. Бүгінде олардың экономикасы мен азаматтары күнделікті өмірде пандемияның зардабын тартып отырған жоқ. Израиль мен Біріккен Араб Әмірліктерінде, вакцина салдырудан көш басындағы елдерде туризм, сауда, мейрамханалар желісі, шағын және орта бизнес секілді пандемия алғашқылардың бірі болып шарпи-

тын салалардың жұмысы қайта жанданды. COVID-19 індетімен күресте Қытай Халық Республикасы айтарлықтай жетістіктерге жетті. Пандемия қаупіне шұғыл әрекет ете білу мен жұмыла жұмыс істеу қабілеті Қытайдың індетке қарсы тиімді күресуіне мүмкіндік берді. Осы тұста Ел Президенті де Қытай әлемде алғашқылардың бірі болып коронавирустың жаппай таралуын ауыздықтай алғанын, сөйтіп ауру жұқтырғандардың санын азайғанын да атап өтті. Қытайдың үлгісімен Азияның Жапония, Оңтүстік Корея, Вьетнам және Сингапур сияқты елдері де пандемияға қарсы нақты іс-қимылдар жасады. Сондықтан бізге де пандемияға қарсы күресте вакцина салуды барынша қолға алған жөн-ақ.

Әлбетте, қазір елімізде вакцинациялау үрдісі жүріп жатыр дегенмен, оның қарқыны әлі де баяу. Соңғы деректерге жүгінсек, Алматы облысында коронавирустық инфекцияға қарсы I компонентпен 635 211 мың, II компонентімен 501 907 адам егілген екен.

Вирусты жеңу тек мемлекет басындағылардың яки ақ халат кигендердің міндеті емес. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, жұрт болып жұмылатын дүние. Тас-түйін ымырашылдығымыздың арқасында бізге алынбас қамал жоқтығын аңғаратын кез келді. Ауру ешкімді аяп жатқан жоқ. Құрсауына бір іліксең шығуың қиын. Карантин жарияланғаннан бері қаншама белді, беделді азаматтар дерт салдарынан өмірден озды. Осы мәселелерге қарап ойлану керек деп есептеймін. Вирустың таралуы қарқын алып тұрған шақта бетперде тағып, ара қашықтықты сақтап, басқосу жиындардан бас тарту да аса маңызды. Өзімізге-өзіміз қиянат жасамауда жаппай вакциналаудың өте өзекті мәселе екендігін айтқым келеді. Біз өзімізді қорғау арқылы жақындарымызды да сақтай аламыз, осыны естен шығармайық.

Айнұр ИСАЕВА,
Алматы облысы «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу» орталығының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КОНКУРС ЭТНОЖУРНАЛИСТИКИ «ШАНЫРАК»

ДОМ, в котором я живу

КАЗАХСТАН – ОГРОМНЫЙ ДОМ БОЛЕЕ ЧЕМ ВОСЕМНАДЦАТИ МИЛЛИОНОВ ЧЕЛОВЕК, КОТОРЫЕ ЖИВУТ ОДНОЙ ОГРОМНОЙ, ДРУЖНОЙ СЕМЬЕЙ. ВЕДЬ ЗДЕСЬ ЖИВУТ ПРЕДСТАВИТЕЛИ РАЗНЫХ НАЦИОНАЛЬНОСТЕЙ И НАРОДОВ, КОТОРЫЕ ХОТЬ И ОБЩАЮТСЯ НА РАЗНЫХ ЯЗЫКАХ, НО СМОГЛИ ОБЪЕДИНИТЬСЯ В ОДНО ЦЕЛОЕ. ДОМ, В КОТОРОМ Я ЖИВУ: ЦАРИТ ГАРМОНИЯ, СПОКОЙСТВИЕ, ВЗАИМОПОНИМАНИЕ, УВАЖЕНИЕ ДРУГ К ДРУГУ, И Я НЕ ТОЛЬКО О СВОЕМ ДОМЕ, А О ДОМЕ ЧТО ВНУТРИ - В МОЕМ СЕРДЦЕ.

Вместе с тем, в нашем государстве представители различных национальностей и этносов, ощущают себя неразрывной частью единого народа Казахстана. У каждого народа имеется очень богатая культура и для каждого она по-своему важна. Все мы просто обязаны проявлять уважение и благодарность за проделанный путь каждого народа и принимать с любовью помощь друг от друга. Я чувствую, что моей миссией в этой жизни является помогать людям вне зависимости, какой национальности этот человек. А помощь людям - это дела от чистого сердца, поступки, которые помогают другим,преодолеть болезнь, справиться с горем и унынием и разными другими проблемами в жизни.Но, не все из нас имеют желание и умеют помогать. Зачастую люди жестоки и думают лишь о себе и своих собственных жизнях, до других им нет абсолютно никакого дела. В нашем мире всё повязано на материальных ценностях, люди больше думают о себе и о своей выгоде, далеко не каждый готов помогать бесплатно и не получать ничего взамен. Но, к счастью ещё остались люди, готовые на бескорыстие и помогают от чистого сердца и без лишних плохих мыслей.Помощь не всегда может быть материальной, гораздо чаще человек нуждается просто в человеческом отношении и поддержке. Доброе слово, совет, просто присутствие рядом дают очень многое. Ведь, когда человек знает, что он не один, в нём просыпается уверенность в своих силах.Случается, что в помощи нуждается абсолютно посторонний и незнакомый человек. Это может быть где угодно, на улице, в транспорте, в любом другом месте. Если есть такая возможность, то обязательно нужно помочь, никогда нельзя бросать человека в беде. Ведь каждый из нас может оказаться в подобной ситуации, и кто-то окажется рядом и поможет в беде. Всё в этой жизни возвращается бумерангом, и кто его знает, каким будет этот бумеранг. Всё зависит лично от нас и от нашего поведения в разных ситуациях, стоит об этом задумываться хоть иногда. И это придает мне силы, тем самым двигаться вперед и знать что все относительно к доброте этого мира, а добро всегда побеждает зло. Всегда важна даже не материальная помощь, а душевная поддержка, возможность поднять человека с колен. Кто знает, вдруг в будущем вам также помогут и приободрят?

«Согласие и единство – счастье и богатство», - гласит мудрость. Как я понимаю эти слова, что сила в единстве, а богатство в счастье.

Каждый человек, рано или поздно задумывался: «В чем сила единства?». Сила единства в нас самих она у нас в самом сердце, мы должны прочувствовать это в самих себя, мы должны начинать в первую очередь с себя, испытав, это все на себе только тогда ты поймешь, в чем сила единства.

Главное богатство Казахстана - это мир и сплоченность многонационального народа, а также их стремление бескорыстно проявлять свою помощь, проявлять благодарность, помогать безотказно и, конечно же, умение выслушивать друг друга.

-Есть притча о том, что на вершине горы растет трава, которая цветет только однажды, а затем она высыхает и разносится ветром по всему миру. По преданию, тому, кого коснется эта трава, суждено милосердие. Именно в этом секрет единства нашего государства. Казахи всегда относились к людям приветливо, с радостью усаживали незнакомцев за дастархан. Именно в этом секрет единства нашего государства. Через традиции, моральные устоявшиеся отношения, уважение к старшим происходит передача мудрости следующим поколениям. Дети питают от родителей самые важные знания.. Индивиды лишены самого главного — уважения к традициям. Они не обращаются к памяти предков в решении важных для общества вопросов. Такие люди духовно пусты, ими движет желание обеспечить только себя всем необходимым.

Только сильная семья – основа сильного государства. Проявляя заботу о близких, можно приобрести чувство ответственности за свои действия и полностью «прикипеть» душой к родному месту. Сильная семья — основа сильного государства, когда человек уже сопоставляет благополучие близких с порядком в стране. Поднимать восстание не всякий готов, имея дома маленьких детей и хороший доход на работе. Устойчивость экономики зависит от сознательных граждан, а ответственность закладывается старшими во время воспитания малышей. Семья – основа государства, а из этого следует утверждение о важном влиянии на общество духовного мира людей, проживающих вместе. В сравнении с животными в союзе проявляется только один аспект существования – цели продолжения рода, а также забота о молодом поколении. У человека эти моменты обрастают дополнительными сложными связями. Если семья основа сильного государства, то значит, задача общества сохранить важные звенья крепкой империи. Ведь если кому-то понадобится разрушить любую страну, то сначала надо разлучить детей от родителей. Тогда оторвутся исходные принципы формирования сознания индивида, люди станут разобщаться. В итоге сработает политическая уловка "разделяй и властвуй". Крепкая семья —основа государства, а базируется она на чувствах внутренних, чистых и непоколебимых. Семья, построенная на взаимной любви, ответственности и преданности друг другу, всегда была и остается основой общества, хранительницей духовно-нравственных устоев и ценностей, культурных и национальных традиций. В ней формируются внутренний мир, характер, интересы личности, воспитываются любовь к Родине, трудолюбие, уважение к старшим.Поэтому поддержка и укрепление института семьи, повышение ее социальной защищенности, охрана здоровья матери и ребенка, создание условий для улучшения демографической ситуации – первостепенная задача государства. Я уважаю миролюбивую политику нашего Президента. «Никому и ни под какими предлогами, отметил он, - мы не должны позволить нарушить мир в нашем общем доме, поставить под угрозу жизнь и благополучие казахстанцев».К сожалению, сегодня есть некоторое отторжение от традиции – уважение оценивается деньгами, рвутся родственные связи, каждый человек стремится к славе и при этом ничего не замечает на своем пути. Поэтому важно всегда оставаться при любых обстоятельствах человеком с большим сердцем, прививать это чувство нужно поколению современного общества и не забывать, что славой является сам человек, кто пронес эту доброту на протяжении всей жизни.Я верю в наш народ, верю в то, что только вместе мы всё сможем, мы всё преодолеем, мы всё осилим.Казахстан должен быть свободным и сильным государством. Его граждане – здоровыми и образованными, способными нести ответственность за свою родину, быть патриотами мирной, процветающей, быстрорастущей страны, известной и уважаемой во всем мире.

Жания КАРАУЛОВА

ОБРАЗОВАНИЕ

ПОДГОТОВКА К НОВОМУ УЧЕБНОМУ ГОДУ

Руководитель Департамента по обеспечению качества в сфере образования Алматинской области Сауле Кабимолдаева выступив на брифинге «Jetisy Media» затрагивала немаловажные вопросы по подготовке к новому учебному году.



В ходе мониторинга были изучены вопросы соответствия государственных школ квалификационным требованиям, предъявляемым к образовательной деятельности. Также, она отметила что практически все школы оснащены видеонаблюдением. Временно отсутствует видеонаблюдение в 9 школах в связи с капитальным ремонтом, в 1 школе в связи с завершением строительства нового здания, в 2 школах по причине демонтажа после текущего ремонта. Не менее важными вопросами соблюдения безопасности детей является организация медицинского обслуживания и питания. Все школы области имеют лицензии на медицинскую деятельность, либо договоры с организациями здравоохранения.

«В 86% школ есть столовые и буфеты. 14% школ области не имеют условий для размещения столовой или буфета из-за отсутствия арендаторов по причине небольшого контингента учащихся. Не подключен к сети Интернет 8 школ, где в настоящее время проводится капитальный ремонт или строительство нового здания. Каждая 5-школа не имеет спортзала, так как находится в приспособленном здании. Третья часть школ имеет проблемы по оснащению учебными кабинетами, более половины школ с оборудованием для выполнения практических работ по химии, биологии, физики. Местными исполнительными органами проводится большая работа по ликвидации трехсменных и аварийных школ. Однако, на сегодняшний день в области функционируют 49 трехсменных и 3 аварийных школ. В этом году капитальный ремонт проводится в 19-ти школах. До начала учебного года планируется завершить капитальный ремонт 9 школ. До конца 2021 года запланировано завершение капитального ремонта еще 9-ти школ области. К 1 сентябрю текущего года планируется завершение строительства 5 государственных школ»,- сообщает руководитель департамента по обеспечению качества в сфере образования Сауле Нураханов-на.

До конца года должно, завершится строительство еще 4-х школ. Местные исполнительные органы своевременно информируются со стороны департамента о результатах мониторингов. За июль-август 2021 года МИО было направлено 30 писем с подробным изложением ситуации по школам для принятия мер по решению проблем.

Ж. ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

БІЛІКТІ КАДРЛАР МЕН БІЛІМДІ ЖАСТАР

басқа елді неге бетке алады?

ҚАЗАҚТЫҢ «БАСҚА ЕЛДЕ СҰЛТАН БОЛҒАНША, ӨЗ ЕЛІҢДЕ ҰЛТАН БОЛ» ДЕГЕН ТӘМСІЛІ БҮГІНГІ ҚОҒАМҒА ЖҮРМЕЙДІ. ОЛ МАҚАЛДЫҢ МАҢЫЗЫ ДА, МАҒЫНАСЫ ДА ЖОЙЫЛҒАН. КЕРІСІНШЕ «ЖЕТІ ЖҰРТТЫҢ ТІЛІН БІЛ, ЖЕТІ ТҮРЛІ БІЛІМ БІЛ» ДЕГЕН АТАЛЫ СӨЗ АЙНАЛЫМҒА ТҮСТІ. ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАЛЫ ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ЖЕТІ ЖҰРТТЫҢ ТІЛІН БІЛІП, ЖЕТІ ТҮРІ БІЛІМІН ҰШТАҒАНДАР ЯҒНИ МЫҚТЫ МАМАНДАР ШЕТЕЛ АСУДА. ИӘ, БОЛМАСА БІЛІМ АЛҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ ҚАЛЫП ҚОЮДА.

Интернет желісін сүзіп қарап, ақпараттар ағына құлақ түріп, көгілдір экранға зер салсаңыз «Қазақстаннан мықты мамандар кетіп жатыр» деген жаңалықтарды еститін әрі оқитын болдық. Сонда, Қазақстанның өзіне мықты маман кадрлар қажет емес пе? Олардың кетуіне не себеп? Түйткілді «Адырна» ұлттық порталынан алынған мәліметтер бойынша тарқатып көрелік.

«Қазақстаннан білікті дәрігерлер мен ұстаздар жаппай кетіп жатыр» деген интернет желісіндегі ақпаратта сегіз айдың ішінде елден жүздеген медицина қызметкері көшіп кеткендігі айтылған. Биылғы жылдың бірінші жарты жылдығында 14 мың 200-ге жуық қазақстандық тұрғылықты жерін ауыстырыпты. Бұл 2020-шы жылмен салыстырғанда 9,3% -ға көп.

Ал 14 мың 192 адамның тек 11,5 мыңы Ресейге, қалғаны, Германия, Польша, Беларусь, АҚШ және тағы басқа елдерге көшкен. Соның ішінде жоғары білімді эмигранттар көш бастап тұр екен. Олардың саны 3 мың 798.

Елден кетіп жатқандардың көбі Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Алматы және Ақтөбе облыстарының тұрғындары. Білімді мамандардың елден кетіп жатқаны, өмір деңгейінің төмендеуімен байланысты болуда. Мәселен, көршілес Ресейде қолжетімді ипотека, ана капиталы және отбасын қолдау бағдарламалары болса, Қазақстанда ол атымен жоқ. Елдегі өршіп тұрған пандемияға қарамастан биыл Қазақстаннан 14,2 мыңға жуық адам көшіп кеткен деп хабарлайды «Адырна» ұлттық порталы lsm.kz басылымына сілтеме жасап. Ащы да болса бұл ақиқаттың астарында Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толса да мұғалімдер мен дәрігерлер жалақысы бертінде ғана көтерілді. Онда да былтыр әлемді жаулаған Ковид-19 індетінің өршуіне байланысты денсаулық сақшыларының жалақыларына үстеме пайыз қосылды. Оған дейін жылаған балаға мәмпәси бергендей көтерілген жалақыға ақ халаттылар риза болмай келген-ді. Тіпті күні бүгінге дейін індетке қарсы бөлінген қосымша қаржы бізге неге бұйырмайды деп, жедел-жәрдем мен кейбір медбикелер және лабораторияда істейтіндер наразылық шараларын өткізген-ді. Мұғалімдердің жалақысы екі-үш жылдың көлемінде 25 пайыздан екі мәрте көтерілді. Биыл 70 пайызға артады деген-ді Білім және Ғылым Министрі Асхат Аймағамбетов. Педагогтардың жалақыларының көтерілуі өздерінің білім деңгейлеріне байланысты сынақ тапсырып, категорияларын көтере алады. Ал, жаңа жұмысқа орналасқан жас мұғалімдер үшін айлық жалақысы 50000 көлемінде болса, енді олар модераторлық жүйе арқылы еңбекақыларын өсіреді. Жас маман демекші, егер ол жоғары не арнаулы орта білімді «Қызыл дипломмен» бітіріп келіп жұмысқа орналасса, автоматты түрде екінші санатты категорияға беріледі. Олай болмаған жағдайда екі жылдық білім тәжірибесі болмаса санатқа өте алмайды. Алайда мектептердегі кадр тапшылығы толық шешіле қойған жоқ. Әлі күнге дейін ауылды жерлерде математика, физика, тіпті музыка пәнінің мұғалімдері жетіспейді. Мұның сыртында мектеп ұжымындағы мұғалімдерге сағат бөлу мәселесі тамыр-таныстыққа жол ашқан. Мәселен, ауылдық бір мектепте 888 бала оқитын болса, бір ғана қазақ тілі пәнінен 11 дене шынықтыру пәнінен 11 мұғалім сағаттарды бөліп алған. Әсілінде бір мұғалімге 18 сағаттан кем алмауы керек. Міне, тамыр таныстық пен мектептегі жүйесіздіктен шаршаған мықты мамандардың шетел асуының бір себебі осында жатса керек. Мектептегі кадр мәселесі бүгін ертең шешіле қоятын түйткіл емес. Ата-аналары да балаларының жауапкершілігін мұғалімнің мойнна артып қойған. Тіпті сенбі-жексенбі және каникул кезінде де бала бір нәрсеге арандаса жауапкершілік ата-анадан емес, мұғалімнен сұралады. Міне осындай ауыртаплықтардан әрі санатын көтеруде «тест тапсырып барлық сұраққа дұрыс жауап берсемде өте алмадым. Керісінше, көз бояушылыққа барғандардың тестен сүрінбей өтіп кетті» -деген талай мұғалімнің жан айқайын естуге болады. «Тамыр-таныстық, көңіл жықпастық, жемқорлық» жаулаған жүйеден шаршап-шалдыққандар, әрі балашағасының болашағына алаңдағандар, жас кадрлар, өзіне сенімді мықты мамандар шетелге кетуде. Оған төмендегі 2020 жылдың осы кезеңімен салыстырған мәліметтер айғақ бола алады. Осы уақыт ішінде Қазақстанға 4595 мигрант қоныс аударған, ал бұл 2020 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 34,9% -ға аз.

Сонымен 14 192 адамның 11 641 -і — Ресейге, 1575 -і — Германияға, 158 -і — Польшаға, 116 -сы — Беларуське, 110 -ы — Израильге, АҚШ -қа — 105, Өзбекстанға — 87, Канадаға — 51, Украинаға 38 адам кеткен.

Ал олардың білімдеріне келсек, кеткендердің ішінде 3798 адам жоғары білімді болса, 3491-і - орта кәсіптік, 2144-і - жалпы орта, 1061-і - негізгі орта білімді болғанын «Адырна» ұлттық порталы жариялаған. Осы көрсеткішке алаңдаған жазушы, журналист қоғам белсендісі Марат Тоқашбаев елден кетіп жатқан жастардың «оттай жанған патриоттық сезімдері жойылып кете ме деп қорқамын»- деген үрейін жасырмайды. Оның үстіне бай-бағландардың әрі шенді-шекпенділердің балаларының шетелде білім алып, сонда орнығып қалуы,әрі өз мемлекетті өзегіне теуіп, демократияны аңсаған, білім-тәжірбиесін шетелде ұштастыруды көздеген қаншама жастың Европаға қоныс аударуы, расында көңілді алаңдатады. Шетелге тек қана білімді жастар ғана кетіп жатқан жоқ. Елдегі жалақы мәселесінің күн көріс қамына жетпеуі, жылдан-жылға азық-түлік пен коммуналдық төлемдердің артуы, ипотекаға тәуелділік, баспана, жұмыссыздық мәселесі, әрі жекеменшік кәсіпорындарда жұмысшыларға айлап-жылдап жалақыға зарықтыруы да жастардың үкіметке деген сенімсіздігін ұлғайтуда. Көзбояушылық пен өтіріктен шаршаған жұрт, жақсы өмірді аңсап шетелге кетуде. Қазір кез-келген жастан сұраңызшы, қазақстанда қолдаушың, қорғаушың болмаса жұмысқа тұрудың қияметін айтады. Қызметтік өсуде де, арқа сүйерің болмаса бәрі құр бекершілік-дейді. Жастардың осылай ойлауына, пайымдауына, маңдайларының тасқа соғылуына сол баяғы жемқорлық жүйені кінәлайды. Мақалаға арқау болған жоғарыдағы білім жүйесімен денсаулық саласындағы былық пен шылықтың кесірі, қаншама мықты кадрлардан айырылды. Жүйесіз жүрізіліген реформалардың сапасыздығы сан қуалады. Үмітін үкілеген талай жақсы мамандардың талабы тастай шағылды. Әділдік іздеп, прокуратурамен соттан көңілі суығандар, демократиялық елдерге көшті. Оны шетелде өмір сүріп жатқан Қазақстаннан қоныс аударған жастардың пікірлерінен де білуге болады.

Әсем Иманғалиева, IT-маман: «*Шанхайға жұмыс бабымен кеткеніме 1,5 ай болды. Шетелге кетуімнің бірнеше себебі бар. Біріншіден, қазір мен әлемдегі ең үздік 10 IT-компанияның қатарына кіретін Microsoft компаниясында жұмыс істеймін. Бұл жерде кәсіби білігімді арттыратынына сенімдімін. Екіншіден, Шанхай – экологиясы таза қала. Ал бұл денсаулығыма оң әсер етеді. Үшіншіден, Қазақстандағы бірнеше мекемеде тәжірибемнің аздығына байланысты мені жұмысқа алмады, тіпті осы себеппен конкурстардың соңғы кезеңінен өтпей қалатынмын*».

Меніңше, еліміздегі жұмыс берушілер мамандарды жұмысқа қабылдарда оның тәжірибесіне емес, талантына және білігіне назар аударғаны жөн. Сол кезде мамандар шетелге кетпес еді. Атыраулық Фатима Аманжолдың Түркияға көшіп кеткеніне бес жылдан асқан. Шет елде жеңіл өнеркәсіп саласында қаржыгер болып жұмыс істеуде. Докторантурадағы оқуын қызметімен ұштастырып жүрген Фатима «бұйырса Стамбулдан баспана аламын»- дейді.

Фатима Аманжол, Стамбұл қаласының тұрғыны: «*Түркияда тұратын қазақтар өте көп. танитын қазақтарымда аз емес. Олар да осы жақта жұмыс жасасам, оқысам деген ниетпен келгендер. Соңғы уақытта Туркияға қызығушылық өте артуда. Қазақстанда да, Түркияда да өмір сүру оңай. Аса бір айырмашылық байқамадым. Өзіңіздің қабілетіңізге қарай оңай да қиын жақтары бар, бірақ менің Қазақстандағы өмірім де, Түркиядағы өмірім де ұнайды. Мүмкін болашақта елге қайтып қалармын, мүмкін осы жерде қалармын, оны бір Алла біледі»*.

Тіпті, қыруар қаржы бөлініп жатқан спорт саласының маманы елде жүріп жетістікке жетпеген соң, бапкерлері теріс айналған кәсіби боксшы Аида Сатыбалдинова, Америка асып кетіпті. Бірнеше жыл қажырлы еңбектенудің нәтижесінде жуырда ғана әлем чемпионы атағын жеңіп алған боксшы «Өз елімде спорт саласындағы былықтардан шаршадым» деп сұхбат берген.і Кетіп жатқан мамандардың категориясына зер салсақ бірінші кезекте техникалық мамандар,, қаржыгерлер, мұғалімдер, дәрігерлер. Шетелге қоныс аударуға бел буғандардың дені өзін- өзі тәрбиелеп, терең білім алған, алға қойған мақсатына жете білетін табанды да қажырлы жандар-екенін писихолог мамандар да айтуда. Қазір Қазақстанда не көп, жекеменшік жоғары оқу орындары мен арнаулы орта білім беретін оқу орындары көп. Бірақ, олардың барлығы маман тапшылығын шешіп отырған жоқ. Сапасыз білім берген, пайда көзедеген біраз оқу орындары лицензиясынан да айырылды. Ақылы оқу орындарында сапаға емес көрсеткішке жұмыс істелді. Жалған дипломды сатып алғандар білім ордаларымен денсаулық саласындағы біліксіз дәрігерлер әшкерленді. Бұл тек қана білім мен денсаулық саласында ғана емес ауылшаруашылығындағы маман тапшылығына алып келді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бертінге дейін Шетелдегі қандастарды елге көшірдік. Олардында аралаларында мықты мамандар болды. Ресми тілді жетік білмегендіктен лауазымдық жұмысқа орналасу олар үшін қиямет қайымға айналды. Сорлағанда азаматтық алуда үлкен кедергілерге тап болды. Тіпті келген мемлекеттеріне қайта көшіп кеткендер де болды. Әсіресе, жастардың шет мемлекеттерге кетуіне байланысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз алаңдаушылығын білдіріп: «біз оларға бар жағдайды жасауымыз керек, жасалып та жатыр, не себепті кетуде»-деген болатын. Білікті мамандардың шетке кетуі туралы миграциялық полиция мен Статистика жөніндегі агенттіктің «Азаттық» радиосына берген деректерімен сәйкес келіп тұр.

Бұл деректер 2009 бен 2011 жылғы аралықтағы мәліметтер

Жылдар	Келгені			Кеткені			. . . . . сальдосы
	2009	2010	2011	2009	2010	2011	. . . . .
. . . . .	31 282	31 775	29 832	28 273	22 448	27 082	15 086
Жоғары білімді	4180	4327	3791	7598	6618	8380	–10298
Аяқталмаған жоғары білімді	986	1018	791	1817	1251	1236	–1509
Орта арнаулы білімді	6118	7021	6564	8668	7021	9016	–5002
Жалпы орта білімді	15 808	15 641	15 088	7432	5506	6224	27375
Толық емес орта білімді	4157	3735	3393	2688	1992	2156	4449
Басқасы	33	33	205	70	60	70	71

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Ресми цифрлардан көріп отырғанымыздай, соңғы үш жылда «жоғары білімді», «аяқталмаған жоғары білімді», «орта арнаулы білімді» санаттары бойынша дисбаланс 16 мың 809 адам болған. Осы уақыт ішінде Қазақстаннан жоғарыда аталған санаттар бойынша барлығы 51 мың 605 маман кеткен. Олардың басым бөлігі негізінен ТМД елдеріне қоныс аударған. Мақала авторы көтерген басты мәселенің бірі,Қазақстанда жоғары оқу орындарында (ЖОО) оқитын студенттер саны көбейген сайын, ондаған мың маманның сырттан келуін нақты фактілермен дәлейді. Расында, құмырсқаның илеуіндей қаптаған жоғары оқу орындарына совет заманымен салыстырғанда үш есе көп бола тұра, өзіміздегі кадр тапшылығы, ел экономикасына кері әсерін тигізуде. Бізде қазір не көп біліксіз маман көп. Ал, білікті мамандарға жағдай жасай алмай отырмыз. Оның үстіне жас мамандарды жұмысқа қабылдауда олардың еңбек өтіліне қарайтын тағы бір кереғар амал бар.Олардың біліктілігіне назар аудару қажеттігін жоғарыдағы Шаңқайға кеткен Әселдің пікірінен білуге болады. Жастардың мұхит асып білім іздеуі қуантарлық жағдай десекте, өзге мемлекеттерде тұрақтап қалуы онсызда санымыз аз қазақты,әрі жерімізге көз алартып отырған шығыстағы шегір көздер мен батыстағы өздерін ау санайтын сарқұлақтар инвестиция салуды сылтау етіп, кіріп алып шықпай қояма-деген елдің күдігі басым. Оны кейінгі кезде «Қытайларға»

жалпы шет мемлекеттіктерге «жер», жалға да берілмесін»-деп ереуілдетіп, заңға арнайы баптар енгізілгенінен көруге болады. Мықты мамандарды іріктеуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жастар кадр резервіне 300 үздік маман кіргенін айтқан болатын. Алайда, оның артынан «гу-гу» әңгіме тарап ол жерде «бәке-сәкесі барлардың балалары өтті деген сыбыс шықты. Шетелге тек қана жоғары білімді, білікті кадрлар кетіп жатыр деген ұғымда қате. Бұл сыбыстың қаншалықты шынайы екенін ешкімде анықтаған жоқ. Өйткені жемқорлық жаулаған біздің қоғамда, ата-аналар шыр етіп дүниеге келген балаларына дейін, тамыр-таныссыз ештеңе шешілмейтінін құлақтарына сіңіруде. Қыл аяғы балабақшаға да орналастыру да таныстықпен шешіледі. Шетел асып жатқан мықты кадрлармен қатар төмен білікті мамандарда жұмыс іздеп кетуде. Олар, АҚШ, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея және Еуропа елдеріне қара жұмыс істеуге баратындар. Олардың басты мақсаты – ақша табу. Ал жоғары білікті мамандардың шетелге негізінен өзін кәсіби маман ретінде дамыту үшін барады. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні»-шетелге кетіп жатқан мамандарды тоқтатудың бір жолы – еліміздегі адамдардың өмір сүру сапасын арттырып, әлеуметтік ахуалды теңшеп, әр сала мамандарына лайықты еңбек ақы төленіп, жемқорлық пен тамыр-таныстық, «бармақ-басты көз қыстылықтың тамыры шабылмай елден кетіп жатқан қазақтарды тежеу мүмкін емес. Қазақстанда тұратын өзге ұлттардың отанына кетіп жатса түсіністікпен қарауға болар. Ал, ат төбеліндей қазақтардың оның ішінде жас шамалары 25-37 жас аралығандағы жастардың көшуі жылдан жылға ұлғайып бара жатқаны көңіл алаңдатады. Олардың Европа елдерінде шынайы тұрақтап қалса, қарашаңырақта қалған қазақтар қайтіп көбейеді. Жылма-жыл, батысқа қоныс аударушылардың саны артып жатқанын стастикалық мәліметтер айғақтап тұр. Білікті кадр, білімді жастардың көшін кім тоқтатады.

Айтақын МҰХАМАДИ

КӘСІП

СҰРАНЫСҚА ИЕ ҚЫЗМЕТТЕР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Алматы облысының кәсіпкерлері арасында маркетинг және бухгалтерлік есеп қызметтері ең сұранысқа ие қызметтер қатарында 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында өңірдің 10 мыңнан астам кәсіпкері «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында бизнесті ашу және жүргізу бойынша сервистік қызметтер мен кеңестер алды. Бұл туралы облыстық кәсіпкерлер палатасы хабарлады.

Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Әсет Шаяхметовтың айтуынша, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында кәсіпкерлік субъектілеріне ақысыз негізде облыстың қалалары мен аудан орталықтарындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары арқылы қаржылай емес қолдау көрсетіледі. Биылғы жылдың I жартыжылдығында өңірдегі 10 511 кәсіпкерге 9705 сервистік және консультациялық қызмет көрсетілген. Сондай-ақ, 13,8 млрд теңгеге 375 бизнес-жоспар әзірленіп, оның ішінде жалпы сомасы 2 млрд теңгеге жуық 55 жоба іске асырылды.

«Жүргізген талдауымызға сәйкес, сервистік қызметтер бойынша кәсіпкерлер арасында маркетинг мәселелері бойынша қызметтер мен бухгалтерлік және салықтық есепке алуды жүргізуге, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасауға байланысты қызметтер ең танымал болып табылады. Әрі қарай кәсіпкерлер заң қызметтері мен мемлекеттік сатып алу мәселелеріне жиі жүгінеді. Өтініштердің басым бөлігі ауыл шаруашылығы және сауда саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлердің үлесіне тиесілі. Ақпараттық қамтамасыз ету бойынша кәсіпкерлерде бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары, бизнесті ашу және жүргізу мәселелері және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік мәселелері бойынша кеңестер сұранысқа ие», - деп хабарлады Әсет Шаяхметов.

Өтініш білдіргендердің 97,4%-ы шағын кәсіпкерлік субъектілері. Олардың жартысынан көбін немесе 54,5%-ын әйелдер басқарады.

«Атамекен» облыстық палатасының басшысы Әсет Шаяхметов кәсіпкерлер үшін аталған қызметтер тегін екенін атап өтті. Сондай-ақ, барлық қызметтер www.g4b.kz ҚР ҰКП платформасы арқылы онлайн режимде толық көлемде ұсынылады.

Ш. ХАМИТОВ.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

акциясы аясындағы көмек

Әлемді жайлаған жұқпалы дертпен күресуде өз басын қатерге тігіп жүрген дәрігерлер еңбегі өлшеусіз. Тәжді тажалмен күресіп, адам өмірі үшін арпалысып, уақытпен санаспай, өз антына адал болған жандар қайырымдылық шарапатын жасауды да жадыларынан шығарған емес.



«Қайырымдылық әр адамның қолынан келеді. Тек таза ниет болса жеткілікті» деген қағиданы ұстанған Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханасының кәсіподақ комитеті осы мекемеде еңбек ететін медицина қызметкерлерінің балаларына арнап «Мектепке жол» акциясы аясында көмектерін берді.

Шара аясында аурухана директоры Анарбек Монгол, кәсіподақ комитетінің төрайымы Сәуле Тыныштыққызы бастаған медицина ұйымының ұжымы өздерімен қатар еңбек ететін көп балалы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына жаңа оқу жылы қарсаңында мектепке қажетті құрал-жабдықтарын алып берді. Сонымен қатар қауіпсіздік шарасын сақтау үшін балаларға медициналық бетперде мен антисептиктер де табысталды.

«Бұл шараның мақсаты – әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көп балалы отбасыларға көмектесу ғой. Сондықтан біз де ұжымымыздағы қызметкерлер арасында осындай 7 отбасына қолдан келгенше көмегімізді көрсеткіміз келді. Қазіргі қиын сәтте адам өмірі үшін арпалысып, уақыттарымен санаспай, күні мен түнін ауруханада өткізіп келетін әріптестеріміздің балаларына көмектесу арқылы олардың да көңілін көтергіміз келді. Бұл ізгі шара ары қарай да жалғасын табатын болады. Өйткені, қайырымдылық жасау – әр адамның азаматтық парызы деп есептеймін», – дейді аурухана директоры Анарбек МОНГОЛ.

Талдықорған қаласындағы облыстық аурухананың баспасөз қызметі.

Дүйсенбі - Понедельник, 30 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.45 Әнұран
06.05 Д/ф « Қазақ даласының құпиялары»
06.20 «Күміс-көмей»
07.00 «Сағындырған әндер-ай»
08.00 «Сандыбад: жеті теңіз аңызы»
09.00, 02.55 «Ата-заң - алтын тұғыр»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00 «Ән мен әнші»
14.30 М/ф «Түлкі мен ит»
15.50 «16 қыз»
17.40, 02.35 «Ата заңым -Айбарым»
20.00 Димаш Құдайбергеннің концерті
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «Жаужүрек мың бала»
01.35 «Сана»
04.05 «Ауылдастар» 3 -маусым

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Хабарлайын»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Мерейлі отбасы»
10.15 «Азат елім»
11.30 «Зәуре»
13.00 Т/х «Сырлы қала»
15.00 «Алпыстан асып барамын»
16.00, 23.30 «Братство десанта»
18.00 «Ускорение»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бизнеске бағыт»
21.00 Итоги дня
21.30 «Ата заң –тәуелсіздік тірегі»
01.15 «Семейные обстоятельсва»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛЬ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 Арнайы репотаж
15.15 «Келинка Сабина»
17.30 «Тағдырым жазылған күн»
20.00 «Үздік әндер»
01.05 «Қош келдіңіз»
01.55 «Астана Таймс»
02.25 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.10 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Әйел сыры»
06.40,03.35 «Той заказ»
07.15, 01.45 «П@утина»
08.30 «Поле чудес»
10.00 «Плакучая Ива»
14.30 «QOSLIKE»
18.30,03.00 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Гадалка -2»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.40 «Заповедный спецназ»
00.40 «Лучшие враги»

КТК

07.05«Басты рөлде»
07.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.50 «Өмір сабағы»
09.45 «Аким»
12.00 «Почти вся правда»
16.10 «Отречение»
18.00 «Махаббат ойындары»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.35 «На твоей стороне»
23.40 «Проспект обороны»
01.30 «Не пара»
03.00 «Әйел қырық шырақты»
03.35-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Әкелердіңәңгімесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Қазақүні»
12.35 «Полицейская служба»
13.00 «Олжа»
13.30 «Әсемәуен»
14.00 К/ф «Сүйгенім бол...»
16.30 Д/ф «Кеңауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздікжылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздікжылнамасы»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдениқазыналар»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 Д/ф «Кеңауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анамжайлы» (103-104 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Саған сендім
07.00 М/ф «Три богатыря и наследница престола»
09.50 «Три богатыря и принцесса Египта»
10.30 «Сюарт Литтл-2»
11.30 «Жұлдызым»
14.00 «Джон Уик-3»
17.00 «Жүрек жыры»
18.10 «Маска Зорро»
21.00 «Легенда о Зорро»
23.50 «Обитель зла»
02.00 Кел, татуласайық!
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00 «Эспен в пойсках золотого замка»
11.00 «Игра Эндера
13.15 «Гудбай мой Бай -2»
15.15 «Q-елі»
16.10 «Где приземляются звезды»
17.30, 00.00 «ГРАНД»
18.00 «Сучайный кадр»»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Скорая помощь»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00 Концерт Қуандық Рахым
23.40 Жайдарман
01.00 «Человек Ноября»
03.00 «Арам ақша.Адал махаббат»

Открылось наследство после смерти Клюкиной Нины Николаевны, умершей 19 мая 2021 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган , улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73, 41-37-73, сроком до 19 ноября 2021 года.

Сейсенбі - Вторник, 31 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.45 Әнұран
06.05 Д/ф « Қазақ даласының құпиялары»
06.20 «AQPARAT»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00,17.15 «Қызық екен..»
13.00 М/ф «Айдаһарлар: Берк сақшысы»
13.40 «Айдаһарла: шалғайдағы шытырман»
14.00,02.30 «Теледәрігер»
15.00,03.20 «Қайсар жан»
15.20,20.35 «Мәселе»
16.00, 21.30 «Замандастар»
20.40 «Деректі фильм»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.30 «Сана»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Хабарлайын»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Ән әлемі»
10.30 «Мерейлі отбасы»
11.30 «Тарих.Тағдыр.Тұлға.»
13.00, 21.30 Т/х «Сырлы қала»
15.00 «Бүгін»
16.00,23.30 «Братства десанта»
18.00 «До встречи с тобой»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Хронограф 2021»
21.00 Итоги дня
21.30 «Махаббат»
01.15 «Семейные обстоятельства»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛЬ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
16.00 «Аладдин»
17.30 «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01,30 Astana times
20.55 Loto 5/36
00.40 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Әйел сыры»
06.55,03.45 «Той заказ»
07.55, 01.45 «П@утина»
09.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15,03.30 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30,02.20 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Гадалка-2»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Заповедный спецназ»
00.30 «Лучшие враги»

КТК

07.00 Әнұран
07.05, 04.10,-04.40 «КТК» қоржынынан
08.00 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.20 «Өмір сабағы»
10.10 НОВОСТИ
10.50 «Без фильтров»
12.00, 21.35 «На твоей стороне»
14.00, 23.40 «Проспект обороны»
16.00 «Отречение»
18.00 «Махаббат ойындары»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.15 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
01.30 «Не пара»
21.35 «Беглянка»
02.35 «Әйел қырық шырақты»
03.35-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анамжайлы»
14.00 К/ф «Раджкумар»
16.30 Д/ф «Кеңауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздікжылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігеркеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздікжылнамасы»
19.30 Д/ф «Кеңауқымда»
20.00 «Тәуелсіздіктұлғалары»
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анамжайлы» (105-106 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.50 Әзіл күнделігі
07.50, 17.00 «Жүрек жыры»
08.30, 17.00 «Саған сендім»
09.00 «Иффет»
11.30, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30 «Воссоединение семейки адамс»
14.30 «Консультант»
18.10 «Whats up?»
18.30 «Три богатыря и принцесса Египта»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.00 «ВОРОН»
21.50 «Паутина лжи»
00.40 «Обитель зла-2»
02.10 Кел, татуласайық!
04.00 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Случайный кадр»»
13.00 «Скорая помощь»
13.00 «Өсекшілер»
14. 00, 01.30 «Q-елі»
16.10 «Где приземляются звезды»
17.30, 00.00 «ГРАНД»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00 «Арам ақша.Адал махаббат »

Открылось наследство после смерти Какабаева Абылайя Абайгалиевича умершего 03 марта 2021 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73, сроком до 03 сентября 2021 года.

Сәрсенбі - Среда, 1 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.50 Әнұран
06.05,03.25 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары».
06.20,17.00,20.00,01.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN». Т/э
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00, 17.15 «Қызық екен..»
13.15 «АЙДАhАРЛАР: шалғайдағы шытырман».
14.00,02.10 «Теледәрігер»
15.00 «Алтын Ұя»
15.20 «Ұстазым, менің ұстазым!»
16.00, 21.30 «Замандастар»
20.35, 03.00 «Ашық алан»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.30 «Сана»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 Хабарлайын
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Ән әлемі»
10.30 «Мерейлі отбасы»
10.45 «Тарих.Тағдыр.Тұлға.»
11.30 « Зәуре »
13.00,21.30 Т/х «Сырлы қала»
15.00 Т/х «Бүгін»
16.00,23.30 «Братства десанта»
18.00 Мегахит «Черные воды»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Индустрия»
21.00 Итоги дня
21.30 Д/ф «Бақытты бала»
21.45 Концерт «Бақытты бала»
01.15 «Семейные обстоятельства»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛЬ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
16.00 «Аладдин»
17.30 «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01,45 Astana times
20.55 Loto 6/49. Прямой эфир
01.05 «Қош келдіңіз»
02.25 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.10 «KazNet»
03.30 «Үздік әзілдер»
03.50 «ИНТЕРНЫ»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
06.55, 03.45 «Той заказ»
07.05, 03.15 ТОЙ БАЗАР
08.00,01.40 П@утина
09.00 «Доброу утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 Т/э «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30,02.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Гадалка-2»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.40 «Заповедный спецназ»
00.40 «Лучшие враги»
03.00 «112»

КТК

07.05,04.10,04.40 «Кешкі жаңалықтар»
08.00 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.20 «Өмір сабағы»
10.10 «НОВОСТИ»
10.30 «БЕЗ ФИЛЬТРОВ»
12.00, 22.00 Х/ф «На твоей стороне»
14.00, 00.00 Х/ф «Проспект обороны»
16.10 Х/ф «Отречение»
18.00 Т/х «Махаббат ойындары»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.35 Спецвыпуск
02.35 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
03.20 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 Д/ф «Кеңауқымда»
11.00 «Дәрігеркеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анамжайлы»
14.00 К/ф «Атылғаноқ»
16.00 «Әсемәуен»
16.30 Д/ф «Кеңауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздікжылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздікжылнамасы»
19.30 Д/ф «Кеңауқымда»
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
20.10 «Тұғырдағытұлға»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 Д/ф «Кеңауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анамжайлы» (107-108 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Ризамын (каз.)
06.40 Информбюро(повтор)
07.50, 17.00 «Жүрек жыры»
09.00 «Иффет»
11.30, 23.40 «Ананди»
13.00 «Құзғын»
14.00 What's up?
14.30 «Консультант»
18.10 Хф «Феномен-2»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.00 «ВОРОН»
21.50 «Маска зорро»
00.40 «Легенда о зорро»
02.50 Кел, татуласайық!
04.40 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 Т/с «Случайный кадр»
11.00, 19.30 «Скорая помощь»
13.00 «Өсекшілер»
14. 00, 01.30 «Q-елі»
16.10 «Где приземляются звезды»
17.30,00.00 Сериал «Гранд»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша.Адал махаббат »
00.30 « Анна –детектив»

Открылось наследство после смерти Какабаева Абайгали Смагуловича, умершего 27 марта 2021 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73, сроком до 27 сентября 2021 года.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

«ШАҢЫРАҚ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫНА

ҚАЗАҚ ЕЛІ – КӨПҰЛТТЫ ҚАСИЕТТІ ҚОНЫС

ҚАЗАҚСТАН – КӨПҰЛТТЫ МЕМЛЕКЕТ. ЕЛБАСЫ Н. НАЗАРБАЕВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXI СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНДЕ: «ҚАЗІР АССАМБЛЕЯНЫҢ БАРЛЫҚ ЖҰМЫСЫН БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ МЕХАНИЗМІН ЖАСАЙТЫН СӘТ ТУДЫ» ДЕГЕН БОЛАТЫН.

Елімізде 100-ден астам ұлт пен ұлыс өкілі тату-тәтті тұрады. Бірлігі жарасқан қоғамға ел сүй¬сінетіні рас. «Ұлты басқа болса да, жүрегі бір, тілі басқа болса да, тілегі бір» деп бекер айтпаған шығар. Соңғы уақытта қазақша сөйлейтін өзге ұлт өкілдері айтарлықтай көбейгені де басты жетістігіміздің бірі. Өзге ұлт өкілдері тек қазақ тілін ғана емес, халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын құрметтейді. Әрбірінің тіл үйренуге қатысты бір әңгімесі бар. Осы орайда, өз тілін менсінбей жүрген кейбір қандастарымызға үлгі болар деген ниетпен қазақ тілін жетік меңгерген өзге ұлт өкілдерінің бірнешеуін оқырмандарға ұсынуды жөн көрдік.

Бала кезден достарының арқасында қазақ тілін меңгерген Юлия Обухова бүгінде Алматы облысы, Көксу ауданының Балпық би ауылындағы Медеубай Құрманов атындағы №2 мектепте қазақ тіл мен әдебиет пәнінен сабақ береді.

– «Кішкентайымнан қазақ балаларымен жақсы араластым. Олар маған қазақ тілін үйретсе, мен оларға орыс тілін үйреттім. Тіл меңгеру барысы кезінде ешқандай қиыншылық тумады. Себебі, олар маған қолдау көрсетті. Тілімнің икемі келмейтін «қ, ң, ғ, ә» сияқты төл дыбыстарды үйрену барысында дұрыс айта алмай жатсам да, олар маған күлмеді. Керісінше, қателігімді түзеп отырды. Содан кейін мектепте қазақ тілінен өтетін конкурс тіпті олимпиадаға дейін қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Досаева Гүлмира, Жанар Батырғалиқызына деген ұстаздарыма алғысым шексіз. Олар мені «өзге ұлт өкілісің» деп бөлген емес. Қанатымды кеңге жая отырып, «Білім» гуманитарлық-техникалық колледжінде дәріс алдым. Қазақ тілі мен әдебиет мамандығынның хас шебері атанып, Медеубай Құрманов атындағы №2 мектепте білім берудемін. Мектебіміздің директоры Нурила Дінислямқызы мамандығым бойынша өзімді көрсетуге мүмкіндік берді. Қазіргі таңда декреттік демалыстамын.

Мен үшін қазақ тілі тек жұмыс құралы емес. Қазіргі таңда, балаларыма қазақша ертегілер оқып, қазақ тіліне деген махаббатты оятып келемін. Себебі, болашағымды Қазақстанмен ғана байланыстырамын» – дейді ол. «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Жастар» орталығының басшысы Бархудар Гусенов бүгінгі таңда ұлттардың бірлестігіне өз үлесін қосуда.

– Қазақ жерінде тұрғандықтан ұлтым әзірбайжан деп бөлінген емеспін. Әуелде қазақ тіліндегі кейбір сөз тіркестерін дұрыс айта алмайтын едім, кейін барлығын да үйреніп алдым. Бүгінде «жастар» орталығында жұмыс жасағандықтан маған артылар жүк екі есе. Сондықтан менің әлі де мемлекеттік тілді өте жоғары деңгейде меңгергім келеді. Қазақ тіліндегі кітаптарды көп оқып, тілдің қыр-сырын үйренуге деген құлшынысымды арттырсам деймін. Бұрын білімгерлер арасында орыс тілінде көп сөйлесе, қазір қазақылыққа көшіп келеміз», – деп өзінің ішкі ойымен бөлісті Бархудар.

Өзге мемлекеттерде мемлекеттік тіл мәселесі деген мүлдем жоқ. Ал бізде мемлекеттік тіл әлі де өзекті мәселе болып тұр. Десек те, қазір жағдай біршама өзгерген сыңайлы. Өзі өзге ұлт өкілі болса да, қазақ жігітіне тұрмыс құрып, сол елдің салт-дәстүрін, тілін сыйлап келе жатқан Зоя Габуева ханымнан көптеген адам үлгі алса екен.

– «Ата-анам Кавказ жерінен көшіп келген. Ұлтымыз Балкар. Отбасымызбен үйде қазақша сөйлесеміз. Қазақ тілінде білім беретін 10 жылдық мектепті бітірдім. Біздің үйде ұлтқа бөліну деген сияқты түсінік жоқ. Қай жердің ауасын жұтып, қай жерде тұрмыс-тіршілік жасап жатырмыз сол елді құрметтеуге міндетті екенімізді ата-анам үнемі айтып отыратын. Қазақ жігітіне тұрмысқа шықтым. Қазіргі уақытта екі қызымыз бар. Олар қазақ мектебінде дәріс алады. Үйде тек қазақ тілінде сөйлесеміз. Қазақтың тілін ғана емес, салт-дәстүрлерін де жақсы білемін. Себебі, қазақ елінде тұрып, ұлттың салт-дәстүрін мен әдет-ғұрпын білмеу ұят деп санаймын».

Қазақ тілін дәріптейтіндердің қатарында Эмиль Курбанов та бар.

– І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде журналистика мамандығын қазақ тілінде оқып бітірдім. Дәл қазір «Огни Алатау» газетінде журналистік қызмет атқарамын. Қазақ тілін жетік меңгеруімді өміріме ғана емес қызметіме пайдаланамын. Себебі, бір кісіден сұхбат алар кезде тек қана қазақ тілінде меңгерген болса да сұхбат ала беремін. Нәтижесінде құнды мақала туындайды. Ол жерден шынайлықты да көресіз. Тілді жетік меңгеру үшін ең алдымен қажеттілік керек. Өйткені, сол тілге күнің қарамаса, оны үйрену де мүмкін емес. Одан соң оны қолданысқа енгізбесеңіз, тілді үйренуге жұмсалған күш пен уақыт құр босқа кететіні белгілі. Сонымен қоса, сол тілде көп кітаптар оқып, аудармалар жасаумен айналысу қажет. Біртіндеп шағын мәтіндер жазудан бастап, маңыздысы сөйлесетін орта табу керек. Өйткені сөйлесетін адам болмаса, әрі қарай даму да мүмкін емес. Мен мектеп қабырғасынан бастап, бұл тілге деген сүйіспеншілігім оянғандықтан, еш қиындықсыз меңгеріп алдым», – дейді ол.

Көпшілік жерде орыс немесе өзге ұлт өкілі қазақша сайрап тұрғанын көргендердің ішінде әлі де таңғалатын азаматтар бар. Таңғалаудың еш қажеті жоқ дер едім. Керісінше қазақ тілін меңгеріп, құрметтегеніне риза болғанымыз жөн сияқты. Өзге ұлт өкілдері өз тілін құрметтесе де тұрып жатқан елдің дамуына үлес қосқаны жанымызға жылулық сыйлайды.

Қазақ тілі былай тұрсын, қазақ жерін менсінбей шетелге кетіп жатқан әрбір қара домалақ қазағым жоғарыда аталған жандардан үлгі алса екен.

Ұсынылып отырған өзге ұлт өкілдерінің барлығы да өмір сүріп жатқан елге құрмет мемлекеттік тілді үйренуден басталатынын айтты. Ендеше алдағы уақытта ана тілімізде еркін сөйлейтін өзге ұлт өкілдері көбейіп жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Қазіргі жаһандану заманында әлемді ақпараттар ағыны жаулаған кезде көп тіл білудің өзектілігі де артып келеді. Сондықтан қазақ тілін дәірптеп қана қоймай оның қолдану аясын кеңейтуде барынша үлес қосып келе жатқан әрбір жанға алғысымыз шексіз.

Ардагүл ӘСКЕРБЕК

БОЯМАСЫЗ

БІРТҮРЛІ СӨЗДЕН БІРТҮРЛІ ОЙ

– Вакцина алдың ба? – дейді танысым.
– Алдық.
– «Шымкентский» салдырдың ба?
Бұл сөзіне біраз ойланыңқырап барып жауап қаттым: «жоқ, қытайдың вакцинасы» деймін.
– Сен былтыр ауырмадың ба вируспен?
– Иә, сылынып, көтерем аттай сүйретіліп қалғанмын.
– Онда вакцина алып нең бар еді? Онсызда ағзаң бұл пәлемен күресіп, үйреніп алды, антидене қалыптасты дегендей.
– «Өкімет сөзден тайқыды» демеймін, өзім үшін салдырдым.
– Жұмысқа кіргізбейміз, апта сайын тест тапсырасың дегеніне бола ма? – деді ол тағы.
– Жоқ дегім келген, бірақ демедім. Себебі біртүрлі сөзден соң санада біртүрлі ой қалып қойды.

***

«Денсаулыққа пайда-зияны болса, обал-сауабы өздеріне. Бұл дерттен құтылаудың басқа жолын көріп тұрғам жоқ. Салдырдым барып» деген жанның сөзін естіп неге біртүрлі болдым екен.

* * *

Онсыз да біртүрлі боп жүрген көңілім аяғын айқастыра жұмыс үстеліне қойып, орындығына керіле жатып сөйлеген ағаның сөзін естіп одан бетер біртүрлі болды.

– Екпені не үшін алуым керек. Ауырғаным жоқ, ауырып қаламын деп те ойламаймын. Ақша беріп жасатып алдым...
– Біртүрлі екен, ә?!

* * *

–Тәте, сіз журналиссіз ғой иә, – деді көрші бала.
– Иә деймін. Неге екенін, ішім «бұл бала біртүрлі сауал қойғалы тұрған жоқ па осы» дейді.
– Айта бер.
– Осы ел жаңалығын тыңдап отырсаңыз жер-жерде індет өршіп тұрғанын тіпті қанша адам жұқтырып, қанша адамның көз жұмғанына дейін беріп жатыр. Ал,ана Түркістанда деймін құжынап адам қаптап жүрсе де, ауырғандар мен індет жұқтырушылар санаулы ғой. Сонда, бұл қалай болғаны? Ары ойланып, бері ойланып миым жетпей-ақ қойды. Осыны ойласам біртүрлі болып қалғандаймын соңғы кезде. Өзіңіз бұған не дер едіңіз? – деген сөзін естіп «бізде бәрі біртүрлі ғой» дей салыппын. Солай деп сөйлегеніммен ішкі ой «бұл ойнайтын дерт емес» дейді. Шынымен де біртүрлімін-ау...

С. ҚАСЫМБЕККҚЫЗЫ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САҒЫНЫШ

САРАНЫҢ КӨЗІ ЕДІ ҒОЙ...

Бәрімізде өмірдің қонағымыз! Біреуге ажал ерте, біреуге кеш келеді. Тіршілікте бір-бірінің қадір қасиетін жете түсінбегендер мәңгі өлместей көрген қадірлісінен көз жазып қалғанда, әттегенайын айтып, «неге көзі тірісінде қадіріне жетпедім» деп бармақ шайнап, бас шайқап, сартап болған сағынышын баса алмай жатады. Бұл жұмыр басты пенденің барлығының басында бар. Аз күнгі өмірдің жалғандығын біле тұра өзеуреп өкпелегендер, бір-бірін көрместей болғандар жақындарынан айырылғандар, қабырғалары қайысып, жүректері жұлынғанда ағаттық жасағандарын кеш түсінеді. Бұл да тағдырдың ащы сабағы. Әттең, сол ащы сабақтан тәлім алып жатқандар некен-саяқ-ау.

Ақын Ханша Райысованың өмірден өткеніне 40 күн толды. Ханшанның дәурені , жұлдызды сәтті, Құдай қосқан қосағы Қожамұраттың тірі кезінде болды. «Әйелді қадірлесе, Қожамұраттай қадірлесін» деп, талай ақын (әйелдері де, еркегі де) айтқан-ды. Сонау 1990 жылдары Республикалық айтыстарда ел назарына іліккен Ханшаны жолдасы Қожамұрат сан айтыстарға өзі баптап алып барып жүрді. Тіпті бағыт-бағдар беріп, Ханшаның айтыстарын талдап-таразылап, саяси кеңес беріп, «мына дүнилерді оқы» деп кітап, газет-журналдарды, жұбайының қолына ұстатқан сәтінің талай куәсі болғам. Ата-бабасының қанында болған ақындық өнер Ханшаға жұғысты болыпты. Бірде Ханшаның бойындағы қайнар-бұлақтың көзін ашқан, өнерінің өзен арнасына айналуына себепкер болған Қожамұрат айықпас кеселге шалдығып, бақилық болған соң, Жетісудың Сарасы атанған Ханшаның да күйі қашты. «Ауру кірді дегенше әлек кірді» десеңші дегендей, әуелі жолдасын аруханадан-ауруханаға сүйреледі. «Қант» диабетімен ауырған жолдасының аяғының саусақтары бір емес алты мәрте кесілді. Өмірінің соңына таман қалалық ауруханада жатқанда халін сұрап кірдім. Екі көзі ішіне кіріп кеткен, өңі сарғыштанып, төсекте арқасына жастық сүйеп ентігіп отыр екен. Мен барғанда қасында Ханша және палатада бірге жатқан ер адам болды. Мені қасына шақырды, Ханшаға қарап: «Мен енді қатарға қосылмаймын, өзіңе-өзің берік бол» деп оған қарады. Солқылдап жылаған Ханша: «Қожамұрат, сен олай жамандық шақырмашы, бәрі Алланың қолында ғой» деп маңдайынан қолмен сипады. Өзегіме өксік кептеліп, сөйлей алмай «Алла шипасын берсін, Қожеке» деп жұбату айтқан болдым. «Бес баламен қиналып қалатын болды ғой» деп өзі ажал аузында жатып, артында қалған балаларына аландаған Қожамұрат араға екі-үш күн салып дүние салды. Ұмытпасам күйеуінің сүйегін базар маңындағы қазіргі Шевченко көшесінің бойындағы көп қабатты пәтерден шығардық. Расында күйеуі айтқандай, шиеттей бес баламен қалған Ханша қатты қиналды. Баяғыда бір жетім: «Әкемді алсаң ал Құдай, шешемді алма, шекпен тоқып берсе де өлмеймін ғой» депті. Сол бес жетімекті жеткізем деп Ханша небір қиындықты басынан өткерді. Балаларын «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» оқытты, тоқытты. «Жалайырдың келіні» деп қала әкімі болған марқұм Сәкен Жылқайдаров Қонаев атындағы «Заң» университетінің ректоры Өмірәлі Жалаири көп қол ұшын созды. Ханшаның өзіне де жоғары білім алуына, кенже баласы Азаттың оқуға түсуіне, балаларының жұмысқа орналасуына ат салысты. Бұрынғы Қазақстан кино театрының жанынан кең бөлмелі үй берді. Осы бес балапанын асырау қамымен жүріп Ханша айтыстан қол үзді. Айтысуға да үлкен бап керек. Мың жерден суырыпсалма болсаң да, ізденіп, біліміңді ұштастырып отырмасаң, көшке ілесе алмайсың. Себебі, айтыс та шарықтау шегіне көтеріліп, тыңдармандардың да талғамы өзгерген. Бір кездері жанынан табылып, айтыстың қыр-сырын айтып, бағыт-бағдар беріп, жон арқасынан Алатаудай сүйеп тұратын жолдасы Қожамұраттың жоқтығы білінді. Тірліктің қам-қарекетімен жүріп, айтыс алаңынан алшақтаған Ханшаны Жүрсін Ерман да маңдайынан сипай қоймады. Балапанын шұбыртқан мамақаздай бес баланың тауқыметін тартып, басындағы баспанасын сатып, жаңа үй салмақ болып, ол аяқсыз қалыпты. Бірде шәкіртім Балғынбек Имашовқа қоңырау шалып, қиналып жүргенін айтыпты.

Балғынбек те Жалайыр ғой. *«Балғынбек, мен жалайырдың жетім қалған бес баласын жеткіздім. Бесеуі жабылып, жағдайымды жасай алмады. Сен баспана үлестірем депсің ғой, маған да көмектесші» депті.*

«Ой, жеңеше, ол баспаналарды алушылар өздері аз да болса салым салулары керек, жеңілдікпен берілетін баспаналар ғой» дедім. *«Қатты қиналып жүріпті жарықтық, ауыртпалық жүрегіне салмақ салып жіберді ғой»* деп топырақ салуға келе алмай, кейіннен келіп бала-шағасына көңіл айтқан Балғынбек қайтар жолда үйге соғып, осы әңгімесін аса бір күрсініспен айтты.

Ханша 60 жылдығын жасағанда әкімдік көмектесті, кеш өткізіп, артынан дастархан жайды. Кешіне бара алмай, кеш те болса тойына кіріп шықтым. Той бітіп, қонақтар кеткесін бір екі күннен кейін ренішімді айттым.

«Мерейлі жасында айтыстарыңды топтастырып, тым құрыса биттің қабығындай болса да кітап шығармадың ба? Той өтті, кетті. Болашақ сені несімен есіне алады. Айтысқа киген кимешегіңді иіскей ме, оны мұражайға өткіз» дедім. Ол болса: «Ой, менде жөнді айтыстар жоқ қой»деді. «Барын жинастыр. Сен түгіл ғылым докторы Аманжол Әлтаев, Мұхамеджан Тазабековтар өздерінің де, қарсыластарының айтыста айтқан сөздерін жонып, кітап шығарып жүр.Сенің олардан қай жерің кем» деп қатты батырып айттым.

«Осы сенің білмейтінің жоқ» деп күйініп, кетіп қалды. Үстіміздегі жылдың мамыр айының орта тұсы ма, әлде аяғына таман ба «Қазақ әдебиетінің» редакторы, Ханша Райысованың жерлесі Дәурен Қуат хабарласып: «Ханша айтыстарын топтастырып, кітап шығарғалы жатыр. Алғы сөзін жазып беріңіз» деді. «Әрине, жазып беремін, алып келсін» дедім.

«Еееє, Ханша менің айтқан сынымнан қорытынды шығарған екен ғой» деп күттім. Бірақ, ол келмеді. Араға бір жарым ай салып, «Ханша дүние салыпты, естідіңіз бе» деп Балғынбек қоңырау шалды. Айтыстарын топтастырда ма, жоқ па, ол жағын анық білмедім. Жинақтаса, бала-шағасының қолында бар шығар. Ханшаның ақындығынан әртістігі басым еді. Ақындарға пародия жасағанда дауыстарын айнытпай салатын. Әрі орындау шеберлігі оқыған артістерден кем емес еді. Сараның сіңлісімін деп алғаш айтысқа шыққанда-ақ шәлісін жамылып сахнаға шығып, кейіннен ақ шәлісі кимешекке айналған Ханша – Сара Тастанбекқызының өзіндей болмаса да көзі еді!..

Айтақын МҰХАМАДИ

Қара өлеңнің Ханшасы

Аш бурадай ақындар жарағанда,
Қатал өмір оған да қараған ба..
Адам болып туылу бұйырғанмен
Ақын болу бұйырмас бар адамға....

Басынан бақайшағына дейін өнер біткен қазақ халқы секілді талантты халық жер бетінде кемде-кем екенін өткен тарих анық көрсетіп келеді. Халық тағдырының сан құбылуына байланысты, өнер де ширығып, ата дәстүрімізбен бірге ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Өзенімен бірге өлеңі өрілген Жетісу жерінің қасиеті қашан да бөлек. Қабан жырау, Сүйінбай, Жамбыл, Бақтыбай, Қуат, Қалқа, Саралармен жалғасқан айтыс өнері, сөз аламаны жыл санап, қарқынды өсіп келеді. Әрине, өздігінен ештеңе өнбейді. Өмірді тәуекелшілдер өзгертеді. Ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан айтыс өнерінің тамыры тереңде. Әр заманның өзіндік ерекшеліктері мен жаңалықтары болады. Олай болмаса, «Құды заман тудырды, қулықты тұрмыс үйретеді» деген сөз айтылмаған болар еді. Айтыс өнері де халықтың әлеуметтік жағдайымен тікелей бірге дамып, бірге өседі. Сондықтан да халықтың мұң мен зарын арқалаған қасиетті айтыс өнерінің құны да соншалықты биік. Ұлт өмірінің өзегіне айналған айтыстың ел мәдениетіндегі орны мүлде бөлек. Ұлттың махаббатынан жаралған бұл құндылығымыз елімізбен бірге жасай бермек.

Десе де, Ел Тәуелсіздігі біздің ұлттық болмысымыздың дамуына айрықша әсер бергенін ешкім жоққа шығара қоймас. 1988-90 жылдары алғашқы басталған рухани қадамдардың мәні ерекше деп айтар едім. Осы кезеңде тамырынан үзіле бастаған киелі айтыс өнері қайта халықпен қауышты. Наурыз мерекелері тойланып, онымен бірге айтыстың да қанат жаюына көп мүмкіндіктер жасалды. Ұлттық идеология қуат алды. Міне, осы тұста облыс орталығы мен аудан, қалаларда қазақ тілі қоғамдары ашылып, оған ұлтжанды азаматтар басшылық жасады. Шалғай елді мекендерден айтыскерлерді іздеп, олардың облыс орталығына шоғырлануына көп мүмкіндіктер жасалынды. Айтыстың сол кездегі алғашқы қарлығаштары болып, Қален Тәжібаев, Айтақын Бұлғақов, Ханша Райысова, Жандарбек Бегімбеттов, Шәкура Әліповалар шықты. Әрқайсысы да өздеріне артылған жауапкершілікті жақсы сезініп, өз биіктіктерін бағындыра білді.

Жетісу айтыс мектебінің ішінде Ханша Райысова апамыздың жолы мүлде бөлек. Ата-анамен келген қасиетті өнердің бәрібір салтанат құратынын осы кісіден анық көрдік. Басқа саланың маманы бола тұра, отбасының қиындығы мен ата-енеге деген қызметтің бәрін қатар алып жүру, оның үстіне ұлтқа қызмет ету дегеніңіз кімге болса да оңай болмасы анық. Қайнауда шыныққан болат секілді Ханыша апамыз да жыл өткен сайын қайралып, бағытын анықтап, өзіне үлкен мақсат қоя білгенін кейіннен білдік. Еселі еңбегінің арқасында бірнеше Халықаралық, республикалық айтыстарда топ жарды.

Менде осы тұста І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің тәлімгері атанып, өнердің қайнаған ортасына түстім. Осы тұста осы ақын ағаларымызбен жақын араласудың, әріптестік қарым-қатынастың жолы ашылып, айтыстың қыр-сырларын меңгерудің реті келді. Ханыша апамызбен бірнеше мәрте айтыс саханасында өнер көрсетіп, елдің ықыласына бөлендік. Республикамыздың түкпір-түкпірінде өтетін айтыстарға да барғанда апалық жолын көрсетіп, қамқорлығын білдіріп отыратын еді. Айтысқан сәттерімізде де ақ жаулықтың қасиетін асатын әбестік көрсетпей, орамалға, кимешеккке деген бабаларымыздың ықыласын аласартып көрген емес. Өзінің киген киімі мен өзінің табиғаты жақсы үйлесім тауып, айтысқанда өзіне рухани күш беріп отыратын. Үлкен айтыстарда нәзік жандылардың абыройын асқақтатып, қазақ әйелінің парасаттылығы мен ізеттілігін әрдайым паш етіп келді. Бес баланы тәрбиелей жүріп, қоғамға үн қосу дегеннің өзі бүгінгі күні үлкен ерлік деп бағалаған жөн. Тек айтыстың маңайында қалмай республикамызға танымал Қазақстанның халық ақыны Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова апаларымызбен жақсы сыйласып, апалы-сіңілідей қоғамға бір жылылықты, анықтап айтқанда «Сіз» дескен бір үлкен ұлылықты қалдырды. Облысымызда, республикамызда өткен талай мәдени іс-шаралардың басы қасында жүріп, ұстаздық етіп, болашаққа да ізін қалдыра білді. Маңайына шуағын шашып, әдемі әзілімен ортаны нұрландыра білетін асыл апамыздан да айрылғанымызға қырық күннің шамасы болған екен. «Жақсы адамдардың бейітін жер бетінен іздемеңдер, олар халықтың жүрегіне жерленеді» деген ойшылдардың сөзін растап өмір сүріп, өлудің өзі де бақыт шығар. Иман байлығын беріп, жұмақта нұры шалқысын...

Төлеужан ҒҰМАРОВ, ақын
ҚР Мәдениет қайраткері,
Ақсу ауданының құрметті азаматы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАРАП ОТЫРСАМ, ҚЫРЫҚ ЖЫЛҒА ЖУЫҚ ҚАЛАМ ҰСТАҒАН УАҚЫТТА ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІНЕ ҮЛЕС ҚОСҚАН АЙТУЛЫ АЗАМАТТАР ЖАЙЛЫ АЗ ЖАЗБАҒАН ЕКЕНМІН. БҰЛ ӨЗІ, МЕНІҢ ОҢ ЖАМБАСЫМА КЕЛЕТІН ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛҒАН. ДЕСЕ ДЕ, АРЫНЫМЕН, ДАРЫНЫМЕН, ӨНЕРІМЕН ТУҒАН ЕЛІНІҢ ӨРІСІН КЕҢЕЙТІП ЖҮРГЕН КӨЗІ ТІРІ ҚАЙРАТКЕРЛЕР ЖАЙЛЫ ЖАЗУ КӨҢІЛІҢДІ ӨСІРІП, КӨСЕГЕҢДІ КӨГЕРТКЕНДЕЙ БОЛАДЫ ДА, ДҮНИЕДЕН ӨТІП КЕТКЕН, ӨЗІ ӨМІРДЕ ЖОҚ ТҰЛҒАЛАР ЖАЙЛЫ ТОЛҒАУ ҚАШАНДА ЖҮРЕГІҢЕ ЖҮК ТҮСІРЕТІНІН ҰҚҚАНДАЙМЫН.

АЙТЫСТЫҢ АК КИМЕШЕКТІ АҚЫНЫ

Кеше ғана арамызда жүрген, туған әпкеміздей қамқор көңіл танытатын Ханша – айтыс өнерінде «Сараның сіңлісі» деген атпен атағы аспандаған Ханша Райысова жайлы естелік жазуға отырғанымда осындай бір жайсыз сезімнен арыла алмай қойғанымды несіне жасырайын...

Біз университетте марксизм-ленинизм ілімдерін оқығанда «Еуропаны елес кезіп жүр. Бұл – коммунизм елесі!» – деген тіркесті жиі естуші едік. 80-ші жылдардың аяғында КСРО аталатын алып державаны да бір елес кезіп жүрді. Бұл – еркіндік, тәуелсіздік елесі болатын. Қаншама жыл бұғауда болған халықтардың ұлттық санасы оянып, егемен ел болуға деген талпынысы там-тұмдап көріне бастаған тұс болатын. Тұтанайын деп тұрған қоламтаға Қазақстандағы Желтоқсан көтерілісі жел үрлеп, тоталитарлық режимнің қабырғасы қақырай бастаған шақ еді бұл. Сол ұлттық сананы оятуға халқымыздың бағзыдан келе жатқан асыл өнері – айтыстың да қосқан үлесі қомақты болды деп айтуға қазір қақымыз бар. Бұрындары ұлы көсемдердің мерейтойларына, өзге де саяси мерекелерге байланысты ұйымдастырылып жүрген айтыстар енді өзге реңге ие болып, ғасырлар бойы тұмшаланып татқан тұмса ойлардың сыртқа шыққаны да осы кез. Қазақтың белгілі ақыны Жүрсін Ерман осы оянудың, жанданудың басында тұрды десек, ешкім артық айттың дей қоймас.

Айтыс өнері қазақтың көптеген дәстүр-салтымен бірге тарих қойнауында қалған шығар деп жүргенбіз. Сөйтсек олай емес екен. Айтыстар ұйымдастырыла бастаған кезде небір ақындар өртеңге өнген гүлдей аяқ астынан пайда болып, сусаған жұрттың шөлін қандырғандай, аңсарын басқандай болған. Басқасын айтпағанда, сол кездегі Талдықорған облысынан Айтақын Бұлғақов, Жандарбек Бегімбетов, Жапар Ақылбеков, Фархан Қамбаровтар саф өнердің сайыпқыран жауынгерлері болып шыға келген. Ұлттық өнер мен қасиетті құндылықтарға деген жұртшылықтың сұранысын қанағаттандырып, қуана қол соқтырғандар да солар еді. Міне, Жетісудан шыққан осы азғана шоғырдың ортасында басына ақ орамал салып, қазақы әдеп пен имандылықтың үлгісін көрсете сахнаға шыққан Ханша Райысованың бейнесі бірден жұртшылықтың жадында жатталып қалған болатын.

Ол кезде Қапал аудандық «Қапал еңбеккері» газетінің бас редакторы қызметін атқарып жүргенмін. Ауданға қарасты Қоңыр ауылынан айтыскер ақын шығыпты дегенді естінен кезде «бәрекелді!» айтып, қуанып қалғанымыз рас. Бұл өзі, қазаққа Ғали Орманов, Сайын Мұратбековтей қаламгерлерді, Қажыбек Бекбосынов сынды бұлбұл көмей әншіні берген қасиетті өлке ғой. Көп кешікпей танысып, дастарханда болудың да реті келді. Кейіннен ұлттық өнердің қамқоршысы, Суықсай ауылында орналасқан Ақсу қой совхозының директоры Жеңіс Жұманов ағамыз Ханшаны отбасымен өз ауылына көшіріп алып, айтыстарға барып тұруына көмек жасағаны да жадымызда. Суықсайдағы сол шаңырақта талай рет ақынның қонақжай дастарханынан дәм татқанымыз есімде. Бес баланы жұбайы Қожамұратқа қалдырып, өнердің өркенін өсірем деп жүрген Ханшаға біз де шама-шарқымыз келгенше ақпараттық қолдау көрсеттік.

Алдымен басына ақ орамал салып танылған Ханша, кейіннен аналарымыз киген ақ кимешекті де сахна төріне алып шықты. Өзін қазақтың инабатты келіндері, салмақты аналары, салиқалы апалары ретінде көрсете білген ақынның сөз саптасы да, айтыстағы мәнер-машығы да сол дәстүрден ұзап кетпейтін. Шыға салып жеңгесімен өрескел қалжыңдасып, қажетсіз қолқа жасайтындардың аптығын ибалы сөзімен тоқтатқанына сан куә болдық. Ал, тірлікте өте қарапайым, үлкенге қызмет, кішіге құрмет көрсетіп жүретін, білімі мен дүниетанымы кең адам еді ғой. Ертеректе Ақсу ауданында жыл сайын өткізіліп тұратын «Ілиястың ізбасарлары» атты жыр мүшайрасына барып, ауырып қалғанымда шыр-пыр болып жанымнан табылғанын, қолынан келген ем-домын жасап жүргенін қалайша ұмытайын.

Талдықорғанға көшіп барғаннан кейін біршама уақыт «Жеруйық» газетінде тілші болып та жұмыс жасады. Дәнеш Рақышев атындағы қара шаңырақта жас ақындарға дәріс бергенін де білеміз. Соңғы бір-екі жыл Сағабүйендегі өнер мектебінде қызмет жасады. Қашан да телефон шалып, халжағдайымызды сұраудан жаңылмайтын. «Сендер жұмысбасты адамсыңдар ғой. Сондықтан жасым үлкен болса да мен іздейін сендерді. Дәурен Қуат екеуіңнің аяқ алыстарың, шабыс-шабыттарың қуантады. Үнемі шығармашылықтарыңды бақылап отырамын. Осы беттеріңнен таймаңдар!» – деп аналық батасын аямайтын.

Бір жолы «Қорқам» деген өлең жазып, әлеуметтік желіге салдым. Онда:

Мен тектес кетсе бала шығынға,
Бөлене қоймас даласы мұңға.
Төмпешік болып қалудан қорқам,
Қимас көздердің қарашығында! – деген шумақ бар болатын. Осы өлеңді оқыған Ханша апайым: «Қуат, не болды? Көңілкүйің келмей жүр ме? Сағабүйенге Дәурен бауырымды алып, келіп-кетсендерші. Жабыққан көңілдеріңді бір жадыратып жіберейін. Саған ондай өлең жазуға әлі ерте. Сендердің көздеріңнің қарашығында мен ақ төмпешік болып қалайын. Өздерің аман жүріндерші!» – деп жазған еді. Мені қадірлейтін, жақсы көретін жандардың жүрегіне салмақ салыппын-ау деген ой осы кезде санамды шарпып өткендей болған.

Биыл саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Жансүгіров кентінде өткізілген шараларға Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Мереке Құлкенов бастап, Дәурен Қуат үшеуіміз арнайы бардық. Соңынан Бөрібай батыр ескерткішінің жанынан бой көтерген бала Ілияс мүсінінің ашылу салтанаты өтті. Ханша апайымызды осы жерде кездестірдік. Баяғыдай бізді бауырына басып, бір қауқылдасып қалғанбыз. Сәл жүдегені болмаса, аппақ киім киген апайымыз тың көрінген. Қарбалас жүргендіктен кең отырып әңгімелесе алмағанымыз түсінікті. Келер күндерде жолығуға уәделесіп, қимай қоштасып аттанғанбыз. Көп ұзамай айтыстың ақ кимешекті ақыны Ханша Райысова өмірден озды деген суық хабар жетті жүрегімізді аяздай қарып өтті. Ол уәдесінде тұрды! Өзі айтқандай, біздің қимас көздеріміздің қарашығында төмпешік болып алдымен қалды. Қолдан келер не шара бар. Бар білгеніміз сағыныштан өрілген қоштасу өлеңімізді арнадық...

АҚЫН ҚАНЫШАНЫҢ РУХЫНА

Қапал жақтан,
Ақын-Сара елінен,
Ақешкі мен Баянжүрек төрінен.
Ақ жаулық сап түскеніңде айтысқа,
Алғашқы рет Сізді сонда көріп ем...

Жаман-жәутік жақындаса жай түстің,
Арзан қалжың айтпаушы еді қайта ішкім,
Сахынада сомдап Ана бейнесін,
Атанып ең Қанышасы айтыстың!

Қолда барда құны төмен алтынның,
Дәл өзіндей құрметтейді салтын кім.
Қасиетті домбыраны қолға алып,
Хас өнерін өбектеп ең халқыңнын.

Тіршіліктің түйткіл жайын түйе шын,
Тығырықта таптың сөздің жүйесін.
Ақ кимешек – аманат деп Анамнан,
Хас өнердің қастерлеп ең киесін.

Кездерің жоқ сасқан және тасқан да,
Жығылмадың тағдыр төмен басқанда.
Шиыр-шиыр жолмен жүріп көтердің,
Қара өлеңнін қасиетін аспанға

Ортамызда жүруші едің сән құрып,
Тағдыр солай,
тағы сөнді таңғы үміт.
Қаныша әпке, жаннат болсын мекенің
Аруанадай бейнең қалды мәңгілік!
Жатқан жерің жаннат, иманың жолдас
болсын, аяулы әпке!

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ, ақын,
Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБРАЗОВАНИЕ

УСПЕШНЫЙ КЛУБ ДОЛЖЕН БЫТЬ АКТИВНЫМ!

С ОТКРЫТИЯ ШКОЛЬНОГО КЛУБА «WIKIPEDIA» УЧАЩИМИСЯ НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ШКОЛ БЫЛО НАПИСАНО БОЛЕЕ 20 ТЫСЯЧ СТАТЕЙ НА ТЕМЫ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ, НАУЧНЫХ ОТКРЫТИЙ И СОВРЕМЕННЫХ ДОСТИЖЕНИЙ КАЗАХСТАНА.

Девятый год в NIS города Талдыкорган активно действует школьный клуб «Wikipedia». Участники клуба наряду с мировыми создателями онлайн контента самостоятельно заполняют интернет-энциклопедию на самые разные темы. Пишут и размещают статьи на трех языках: казахском, английском, русском.

Члены клуба «Wikipedia» ставят задачу: увеличить материалы на казахском языке. За этот учебный год участники клуба написали 160 статей на самые различные темы.

«Наши ученики являются частью крупного добровольного онлайн-сообщества. Быть частью Мира и развивать казахстанский контент на сайте Wikipedia - прекрасная возможность внести свой вклад в повышение международного статуса казахского языка»,-рассказала в своем интервью педагог-куратор-организатор Айгерим Еркинбаева.

В рейтинге языков Wikipedia казахский язык занимает позиции с 127 на 25 место, ежемесячное количество просмотров страниц казахской онлайн-энциклопедии достигло 8 миллионов, количество статей проекта выросло в 20 раз, превысив 200 тысяч публикаций.

Первым президентом школьной «Wikipedia» является выпускник Кудайберген Даулеткерей. Он был участником международных конференций «Wikimania-2013», «Wikimania-2014», проходивших в Гонконге и Лондоне. Сегодня работу википедистов ведет ученица 11 класса Адэль Балкашева, автор более 250 статей.

«Успешный клуб должен быть активным!», - под таким девизом идет организация работы клуба «Wikipedia» Назарбаев Интеллектуальных школах.

В течение всего учебного года участники клуба проводят свои занятия, встречи, имеют свои сетевые традиции, как проведение акции «WikiCamp» в начале декабря в честь Дня Первого президента РК.

Проект «Wikipedia», разработанный совместно с казахстанским общественным фондом «WikiBilim» реализуется с 2010 года.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

ЛИЧНЫЙ КАБИНЕТ НА САЙТЕ WWW.ENPF.KZ

- Расскажите, как я могу перевести часть своих пенсионных накоплений в управление в инвестиционную компанию?

- Если, Вас интересует вопрос как перевести часть своих пенсионных накоплений управлющему инвестиционным портфелем (УИП). Для начала, ознакамливаетесь с перечнем действующих УИП и изучаете их инвестиционные декларации. Эту информацию Вы можете найти на нашем сайте www.enpf.kz (раздел «Услуги» - «Перевод части пенсионных накоплений в доверительное управление УИП»). Затем Вам нужно обратиться в ЕНПФ с заявлением для перевода пенсионных накоплений. Подать заявление можно через личный кабинет на сайте enpf.kzили обратившись в ближайшее отделение ЕНПФ. Для подачи заявления при личном обращении Вам необходимо предъявить удостоверение личности и заполнить необходимые документы.

Чтобы подать заявление через личный кабинет на сайте enpf.kz, Вам необходимо выполнить следующие действия:

1. При помощи электронной цифровой подписи (ЭЦП) необходимо авторизоваться в Личном кабинете.

2. Проверьте сумму пенсионных накоплений и убедитесь в наличии, доступной для передачи в доверительное управление УИП суммы пенсионных накоплений за счет ОПВ и (или) ОППВ.

3. В разделе «Услуги» выберите «Перевод пенсионных накоплений в доверительное управление управляющему инвестиционным портфелем». Ваши персональные данные: сведения о документе, удостоверяющем личность, адрес и контактные данные появятся автоматически из базы данных автоматизированной информационной системы ЕНПФ в поле «Ввод реквизитов заявления». Если какие-то данные (к примеру, адрес или телефон) изменились, можно внести исправления.

4. В разделе «Заполните поля» в настоящее время по умолчанию проставлена опция «в связи с выбором управляющего инвестиционным портфелем». Здесь необходимо:

- выбрать реквизиты договора о пенсионном обеспечении, с которого желаете перевести пенсионные накопления УИП (ОПВ или ОППВ);

- выбрать Управляющего инвестиционным портфелем из Справочника УИП;

- указать сумму, подлежащую переводу в доверительное управление;

- ознакомиться и выразить согласие/несогласие с предоставленной информацией.

5. Подписать заявление при помощи ЭЦП.

Отследить статус исполнения заявления можно в Личном кабинете в подразделе «Отслеживание статусов заявлений».

ЕНПФ осуществляет перевод части пенсионных накопленийв доверительное управление УИП в течение тридцати календарных дней после даты поступления заявления от вкладчика. Оставшаяся часть пенсионных накоплений вкладчика продолжит находиться под управлением Национального Банка.

Переданные в инвестиционное управление УИП пенсионные накопления не будут облагаться индивидуальным подоходным налогом в момент их перевода в УИП.

БОЛЕЕ 753 МИЛЛИАРДОВ ТЕНГЕ ПОЛУЧИЛИ ВКЛАДЧИКИ ЕНПФ В ВИДЕ ЧИСТОГО ИНВЕСТИЦИОННОГО ДОХОДА ЗА ПЕРВОЕ ПОЛУГОДИЕ 2021 ГОДА

Сумма пенсионных накоплений вкладчиков Единого накопительного пенсионного фонда на 1 июля 2021 года достигла 12,8 триллионов тенге. Как известно, данная сумма включает в себя пенсионные взносы и инвестиционный доход.

Важно отметить, что только за первое полугодие с 1 января по 1 июля 2021 года на счета вкладчиков ЕНПФ был начислен чистый инвестиционный доход в размере 753,3 млрд тенге, что почти на 210 млрд тенге или 39% больше, чем за первое полугодие прошлого года. Доходность по пенсионным активам ЕНПФ под управлением Национального банка Республики Казахстан с начала года составила 6,1%, при инфляции в 4,6%. При этом доходность за последние 12 месяцев составила 12,1%, при инфляции за этот же период в 7,9%.

Напомним, что сумма пенсионных накоплений вкладчиков (получателей) пересчитывается и переоценивается еженедельно в соответствии с результатами инвестирования пенсионных активов. В состав инвестиционного дохода входят доходы в виде вознаграждения по ценным бумагам (вкладам и другим операциям), доходы в виде рыночной переоценки финансовых инструментов, доходы в виде валютной переоценки, доходы по активам, находящимся во внешнем управлении и т.д.

В целом, инвестиционный доход, обеспеченный Национальным банком с момента объединения всех пенсионных активов в ЕНПФ, составил свыше 5,4 трлн тенге. На 1 июля 2021 года доля чистого инвестиционного дохода в общем объёме пенсионных накоплений составляет 36,3%.

Если же брать период со дня основания самой накопительной пенсионной системы Казахстана в 1998 году, то чистый инвестиционный доход превысил 6,3 трлн тенге. Инвестиционная доходность за это время с нарастающим итогом составила 645,77%. При этом инфляция составила 524,09%. Таким образом, реальная доходность пенсионных активов за период с начала действия накопительной пенсионной системы до 1 июля 2021 года составила 121,68 %.

Стоит подчеркнуть, что пенсионные накопления – это долгосрочные инвестиции и анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее 1 (одного) года. Краткосрочные данные (еженедельные, ежемесячные и т.д.) – не являются показательными, т.к. зависят от постоянных изменений рыночной конъюнктуры.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении. Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

Помимо Национального банка, вкладчики ЕНПФ могут перевести часть своих накоплений в компании, управляющие инвестиционным портфелем (УИП). На данный момент, ЕНПФ заключен договор о доверительном управлении пенсионными активами с четырьмя УИП. Ознакомиться с информацией о них и изучить их инвестиционные декларации можно на сайте enpf.kz в разделе «Услуги» - «Реестр управляющих инвестиционным портфелем».

Напомним, после получения пенсионных активов от ЕНПФ УИП инвестирует их в разрешенные финансовые инструменты, указанные в Правилах осуществления деятельности по управлению инвестиционным портфелем, утвержденных постановлением Правления Национального Банка РК от 3 февраля 2014 года №10, и предусмотренные в Инвестиционной декларации УИП.

Отметим, что пенсионные активы, находящиеся в доверительном управлении АО «JusanInvest», показали доходность с начала деятельности (а это 15 марта 2021 года) на 1 июля 2021 года на уровне 4,3%. Доходность за этот же период пенсионных активов, находящиеся в доверительном управлении АО «HalykGlobalMarkets» 2,32%; АО «BCC Invest» 2,96%. АО «СентрасСекьюритиз» управляет пенсионными активамис 1 апреля 2021 года, за это время инвестиционная доходность составила 2,76%.

В период нахождения пенсионных накоплений под управлением Национального Банка до достижения вкладчиком пенсионного возраста действует гарантия сохранности пенсионных накоплений с учетом уровня инфляции. При переводе пенсионных накоплений в управление УИП гарантия государства заменяется гарантией управляющей компании по обеспечению минимального уровня доходности пенсионных активов. Минимальный уровень доходности рассчитывается исходя из средневзвешенной доходности пенсионных активов, переданных в управление УИП, действующим на рынке.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz).

Бейсенбі - Четверг, 2 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.45 Әнұран
06.05,03.25 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.20,17.00,20.00,01.35 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.00,18.00 Т/х«Ғашықтық дерті»
12.00, 17.15 «Қызық екен»
13.15 «АЙДАhАРЛАР: шалғайдағы шытырмын».
14.00 «Теледәрігер»
15.00,03.05 «Menin Qazakstanym»
15.25 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
16.00, 21.30 «Замандастар»
20.35 «Ашық алан»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.30 «Сана»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 Хабарлайын
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Ән әлемі»
10.30 «Тарих.Тағдыр.Тұлға.»
11.30 « Зәуре »
13.00,21.30 Т/х «Сырлы қала»
15.00 Т/х «Бүгін»
16.00, 23.30 Братство десанта
18.00 «Особо тяжкие приступления»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
01.15 «Семейные обстоятельства»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛЬ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
16.00 «Аладдин»
17.30 «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01,30 Astana times
01.05 «Қош келдіңіз»
02.25 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.10 «KazNet»
03.30 «Үздік әзілдер»
03.50 «ИНТЕРНЫ»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.10 «Әйел сыры»
06.55, 03.45 ТОЙ БАЗАР
07.55, 01.45 П@утина
09.00 «Доброу утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 Т/э «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30,02.25 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Гадалка-2»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.40 «Заповедный спецназ»
00.40 «Лучшие враги»
03.30 «112»

КТК

07.00 Әнұран
07.05,04.10-04.40 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Өмір сабағы»
08.20 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.50 «НОВОСТИ»
10.30 «БЕЗ ФИЛЬТРОВ»
12.00, 21.35 Х/ф «На твоей стороне»
14.00, 23.40 Х/ф «Проспект обороны»
16.10, 01.30 Х/ф «Отречение»
18.00 Т/х«Махаббат ойындары»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00, 02.15 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
03.00 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 Д/ф «Кеңауқымда»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анамжайлы»
14.00 К/ф «Қошкелдің»
16.30 Д/ф «Кеңауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздікжылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігеркеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздікжылнамасы»
19.30 Д/ф «Кеңауқымда»
20.00 «Зейнепапаныңәңгімелері»
20.15 «Әсемәуен»
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 Д/ф «Кеңауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Арманыма хат» концерті
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Ризамын
06.50 «Әзілдер күнделігі»
07.20 Информбюро(повтор)
08.10, 17.00 «Жүрек жыры»
09.20 «Иффет»
12.00, 01.40 «Ананди»
13.00 «Құзғын»
14.00 What's up?
14.30 «Консультант»
18.10 «Робинзоны из Беверли Хиллз»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.00 «ВОРОН»
21.50 Начни сначала
03.40 Кел, татуласайық!
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00,18.00 «Случайный кадр»
11.00 «Скорая помощь»
13.00 «Өсекшілер»
14. 00, 02.15 «Q-елі»
16.10 «Где призлемляются звезды»
17.30,00.00 Сериал «ГРАНД»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша.Адал махаббат »
00.30 « Анна –детектив»

Жұма - Пятница, 3 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.15 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.25,13.00,17.00,20.00,01.30 AQPARAT
07.00 Т/э «TANSHOLPAN»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00 «Қызық екен..»
13.15 «АЙДАhАРЛАР: БЕРК САҚШЫСЫ»
14.00,02.55 «Теледәрігер»
15.00 «Тұлға»
15.30 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
17.15 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН»
20.35 «Ashyk alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «Жарқын жүздесу»
00.30 «Сана»
02.05 «Ashyk alan»
03.45 «Ғажайып өлке»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.00 Хабарлайын
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Әсем әуен»
10.30 «Мерейлі отбасы»
10.45 «Тарих.Тағдыр.Тұлға.»
11.30 « Зәуре »
13.00 Т/х «Сырлы қала»
15.00 Перед. «Бүгін»
16.00,23.30 «БРАТСТВО ДЕСАНТА»
18.00 «ЧАСОВОЙ МЕХАНИЗМ»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Індетпен күрескен Қазақстан»
20.45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане»
21.00 Итоги дня
21.30 Концерт «Уақыт»
01.15 «СЕМЕЙНЫЕ ОБСТОЯТЕЛЬСТВА»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қара ой»
07.00 «ҰРЛАНҒАН ТАҒДЫР»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.10 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.20 Т/х «ХОН ГИЛЬ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «СҮЛЕЙМЕН СҰЛТАН»
16.00 «АЛАДДИН»
17.30 «ТАҒДЫРЫМ ЖАЗЫЛҒАН КҮНІ»
20.00,01.55 Astana times
20.55 Loto 5/36. Прямой эфир
23.35 Т/х«КЭ БЭК»
01.05 «Қош келдіңіз»
02.25 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.10 «KazNet»
03.30 «Үздік әзілдер»
03.50 «ИНТЕРНЫ»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ӘЙЕЛ СЫРЫ»
06.55 «ТОЙ БАЗАР»
07.55 П@утина
09.00 «Доброу утро»
11.00 «Жить здорово»
11.55 «На самом деле»
12.55 Жди меня.Казахстан
14.00 П/э«112»
14.15 Т/э «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30,03.15 «Басты жаңалықтар»
19.00 «ПЕНДЕМІЗ ҒОЙ»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.40 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
22.00 «ЗАПОВЕДНЫЙ СПЕЦНАЗ»
02.15 «112».Криминальные новости
02.30 П@утина
03.45 «112»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК Қоржынынан»
07.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
08.00 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.20 «Өмір сабағы»
10.10 НОВОСТИ
10.50« БЕЗ ФИЛЬТРОВ»
12.00 «На твоей стороне»
14.00 «Проспект обороны»
16.10 «ОТРЕЧЕНИЕ»
18.00 Тх«МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.35 «СКАЖИ ПРАВДУ»
01.40 «ОТРЕЧЕНИЕ»
02.25 «КТКweb».Қайталау
03.10 «Әйел қырық шырақты»
03.50-04.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 Д/ф «Кеңауқымда»
11.00«Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анамжайлы»
14.00 К/ф «Көңілдіңкүйі»
16.15 «Әсемәуен»
16.30 Д/ф «Кеңауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздікжылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздікжылнамасы»
19.30 Д/ф «Кеңауқымда»
20.00 «Спасая жизни»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 Д/ф «Кеңауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 « Армансызкүнімболмайды» Шамшия Ахметова 2019 концерті
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Ризамын (каз.)
07.00 Информбюро(повтор)
08.10, 17.00 «ЖҮРЕК ЖЫРЫ»
09.20 «Иффет»
12.00, 00.40 «Ананди»
13.00 «Құзғын»
14.00 What's up?
14.30 «Консультант»
18.10 «Начни с начала»
20.00 Информбюро
21.00 «ВОРОН»
21.50 «Притяжение»
01.30 Кел, татуласайық!
03.20 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Случайный кадр»
11.00 «Скорая помощь»
13.00 «ӨСЕКШІЛЕР»
14. 00 «Q-елі»
16.10 «Орел и решка»
17.10 «Приличные люди»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Ну-ка, все вместе»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша.Адал махаббат »
00.00 Шоу« Маска»

Сенбі - Суббота, 4 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.40 Әнұран
06.05,03.15 Д/Ф «Қазақ Даласының Құпиялары»
06.30,02.30 «Ғасырлар Үні»
07.15 AQPARAT
07.50,01.40 «Сырлы Сахна»
08.25 «Сұлулық Сыры»
09.15 «Ауыл Жұлдыздары»
10.00,18.00 Т/Х«Ғашықтық Дерті»
12.00 «Әзіл Әлемі»
13.40 М/Ф«Шрек»
15.00 «Ән Мен Әнші»
20.00 «MASELE»
20.40 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ»
22.30 «Жат Мекен»
23.30 «ХАТИКО»
01.00 «MASELE»
02.05 «Ауылдастар»

ХАБАР

06.00,02.00 Қр Әнұраны
06.00 «Кел Шырқайық! »
07.45 «Өзін-Өзі Тану»
08.00 «Чужое Гнездо»
09.00 «Tangy Fresh»
10.00 Тұсаукесер!!!Хxi Ғасыр Көшбасшысы
11.00 «Әке Бақыты»
12.00 «Няня Аға»
16.00,23.30 «Кандагар»
18.00 База «Клейтон»
20.00 «Хит Жазамыз»
21.00 «7 Күн»
22.00 «Әсем Әуен»
01.15 «Семейные Обстоятельства»

АСТАНА

06.00,05.30 «Ән Мен Әзіл»
06.30 «Күлдірген Өзіл-Сық Ақ»
07.00,05.10 «Үздік Әзілдер»
08.00 М/Ф «Маша И Медведь»
09.50, 22.10 «Үзілген Моншақ»
11.20, 21.00 «Қара Ниет-2»
12.20,23.35 «КЭ БЭК»
14.00 «Рам И Лакхан»
17.30 «Тағдырым Жазылған Күн»
20.00 «Үздік Әндер»
20.55 Лото 6/49.Прямой Эфир
01.05 «Үздік Әндер»
02.50 «Azil Keshi»
04.20 Той Жыры»
04.50 «Kaznet»

ЕВРАЗИЯ

06.00,02.50 «Әйел Сыры »
06.50 «Той Базар»
07.50,03.35 «Индийское Лето»
09.00 «Пендеміз Ғой»
10.05 «Ералаш»
10.20 «Фабрика Грез»
10.45 «Точь-В-Точь»
13.50 «Сердце Не Обманет,Сердце Не Предашь»
18.00 «Вау,Казахстан! »
18.30 «Мама,Маған Дауыс Бер»
20.00 «Айна»
21.30 «Разве Можно Мечтать О Большом»
01.50 П@Утина

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Үлкен үй (3 бөлім) »
07.40 «Басты рөлде»
08.10 «КТК-да Қабатов! »
09.20 «Юморина»
11.00 «Скажи правду»
15.00 «Аталар сөзі»
17.00 «Ф.И.Л.И.Н»
21.00 «Скажи правду»
01.10 «Отречение»
02.40 «Аталар сөзі»
03.20-04.20 «КТК-да Қабатов! »

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық»/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 Д/ф «Кеңауқымда»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спасая жизни»
12.05 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анамжайлы»
14.00 «Олжа»
14.30 «Ұлтқұндылығы»
15.00 «Золушка» ертегісі
16.00 «Әсемәуен»
16.30 Д/ф «Кеңауқымда»
17.00 «Әсемәуен»
17.35 Д/ф «Мәдениқазыналар»
17.52 «Тәуелсіздікжылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Қателік»
19.20 «Әсемәуен»
19.30 «Жүрексөзі»
20.05 «Сильные духом»
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 «Единый народ»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Сделано в Казахстане»
22.50 «Әсемәуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Ризамын
06.50 Әзілдер күнделігі
07.30 Бауыржан-шоу
08.10 Информбюро
09.15 Tennis show
09.30 Готовим с Адель
10.00 Тәтті шоу
11.00« Өмір Сахнасы»
11.40 Полное погружение
13.40 «Зубная фея»
15.40 «Притяжение»
18.20 «Кикбоксер 2: Дорога назад»
20.00 «Тахі»
21.50 «Обитель зла 3»
23.50 «Битва экстрасенсов»
02.00 «Ян Гуйфей»
02.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,04.00 «Гу-гулет! »
06.30,05.00 «Айна online»
07.30,17.50,03.00 «Q-елі»
08.30 «Япыр-ай»
09.00,15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Регина +1»
12.00 «Орел и Решка»
13.00 «Ну-ка, все вместе! »
16.00 «Барлау»
18.20 «Зың зың Күлпәш»
20.00 «Маска»
23.00 «Jaidarman»
00.20 «Терминатор 2: Судный день»
05.30 «Қуырдақ»

Жексенбі - Воскресенье, 5 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00,04.20 Әнұран
06.05,03.55 «Қазақ даласының құпиялары»
06.35 «Tolagai»
07.35 «КҮМІС КӨМЕЙ»
08.25 «Сұлулық сыры»
09.15 «Ауыл жұлдыздары»
10.00,18.00 «Ғашақтық дерті»
12.00 «Qazaqstan дауысы»
13.40 М/ф «Шрек»
15.00 М/ф «Шрек-2»
16.20 «ХАТИКО»
20.00 «АРТА»
20.50 «Жүзден жүйрік»
22.30 «ЖАТ МЕКЕН»
23.20 «ТРАНСФОРМЕЛЕР БАМБЛБИ»
01.25 «Арта»
02.15 «Күміс көмей»
03.00 «Ауылдастар»
03.25 «Parasat maidany»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.00 « Кел, шырқайық»
07.45 «Самопознание»
08.00 «Чужое гнездо»
11.00 «Няня-аға»
15.00 «Зәуре»
18.30 «Ән әлемі»
19.30 Тұсаукесер!!!«Есо мекен»
20.30 «Мәжіліс.kz»
21.00 «7 күн»
22.00 «Большая неделя»
23.00 «Семейные обстоятельства»
01.30 «Pro-SPORT»

АСТАНА

06.00 Қаламгер
06.30,05.20 «Үздік әзелдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00 TeleBingo.Прямой эфир
10.25,22.10 «Үзілген моншақ»
12.00,21.00 Т/х «Қара ниет-2»
13.00,23.35 «КЭ БЭК
14.30 «КЕЛИНКА САБИНА-2»
17.30 «Тағдырым жазылған күн»
20.00 Үздік әндер
20.45 Аялы алақан
01.05 «Bas times»
02.15 «Үздік әндер»
03.40 «KazNet»
04.00 «Әзілстан»
04.20 «Ән мен әзіл»

ЕВРАЗИЯ

06.00,02.50 «Әйел сыры»
06.50 «ТОЙ БАЗАР»
07.50, 03.35 «ИНДИЙСКОЕ ЛЕТО»
09.00 «Воскресные беседы»
09.15 «МАМА, МАҒАН ДАУЫС БЕР»
10.40 «РАЗВЕ МОЖНО МЕЧТАТЬ О БОЛЬШЕМ»
15.00 «Тайны вокруг нас»
15.30 «Три аккорда»
18.00 Х/ф «На луне»
20.00 «Отражение»
21.30 «Поговори с ней»
01.50 П@утина

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Әйел қырық шырақты»
07.50 «Аналардың Анасы .Роза Әлқожаның ән-шашуы. »
09.30 «Юморина»
11.50 «Скажи правду»
16.00 «Аталар сөзі»
18.00« Шаншар»
21.00« Портрет недели»
22.00 «Похищенный»
00.00 «Отречение»
02.20« Аталар сөзі»
03.20-04.10 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Әсем әуен»
11.40 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Жүрексөзі»
12.35 «Зейнепапаныңәңгімелері»
13.00 «Қателік»
13.40 «Единый народ»
14.00 9-блок
14.05 «Әсемәуен»
14.30 «Сделано в Казахстане»
15.00 «Гензель и Гретель» ертегісі
16.00 Д/ф «Кеңауқымда»
16.30 «Әнтыңдайық» (онлайн-концерт)
17.00 «Қазақүні»
17.35 «Полицейская служба»
17.52 «Тәуелсіздікжылнамасы»
18.00 «Спорт-тайм»
18.30 «Олжа»
19.05 «Ұлтқұндылығы»
19.30 «Бірбала»
20.15 «Тәуелсіздікжылнамасы»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 К/ф «Злодей и вдова»
00.05 «Әсемәуен»
00.20 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Ризамын
06.30 «Өмір Сахнасы»
07.00 Тәтті шоу
07.30 «Зубная фея»
09.30 Готовим с Адель
10.00 Розыгрыш от «Halyk Bank»
10.05 Tennis show
10.20 What's Up?
11.30 «Аладдин»
12.20 «Лило и Стич: Анимационный сериал»
13.20 «Тахі»
15.20« Кикбоксер 2: Дорога назад»
17.20« Сердце дракона»
19.30 «Авангард: Арктические волки»
21.30« Готика»
23.30 «Битва экстрасенсов»
01.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 « Гу-гулет! »
06.30 « Айна online»
07.30,10.00 « Q-елі»
08.30 «Япыр-ай»
09.00,15.00 « Мезгілсіз сезім»
10.10 « Орел и Решка»
11.10 « Приличные люди»
13.00,00.50 « Замуж в 30»
16.00,02.50 « Әкешім»
18.40 « Қуандық Рахым»
19.50« Jaidarman»
21.15« Механик»
23.00 « Разведка»
05.15 « Қуырдақ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУШІ ҚҰЖАТ

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы орнықты тәуелсіз мемлекетті құрудың, еліміздің одан әрі тұрақты дамуы мен жаңа құқықтық кеңістікті қалыптастырудың берік нормативтік тұғырына айналды.

Тоғыз бөлім мен тоқсан сегіз баптан тұратын Ата заңның алғашқы бабы: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – деп басталады. Бұл мемлекетімізде адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының өте жоғары дәрежедегі құндылық ретінде бағаланатындығының айқын дәлелі. Біздің Ата Заңымыз жарқын болашаққа апаратын айқын жолымыз, арқа сүйер асқар тауымыз, ардағымыз, айбарымыз. Қазақстан Республикасының Конституциясы қазіргі кезеңде қазақ елінің бірден бір мызғымас бірлігінің символы және оның заңдық тұрғыдан алғандағы құқықтық қамтамасыз етуші құжаты болып отыр. Осы әділ Заң аясында көп ұлтты Қазақстан халқы бір анадан туып, бір анаңы емгендей тату-тәтті бақытты өмір сүріп, еліміздің тәуелсіздігін нығайтып, байлығын молайтып, қорғаныс қуатын арттырып келеді.

Конституция елімізде азаматтық қоғамның орнығуы мен құқық үстемдігінің бекуіне барынша ықпал етіп, тиімді билік жүйесінің қалыптасуы мен ұлттық заңнаманың дамуын және басқа да қоғамдық институттардың сындарлы жұмыс атқаруын қамтамасыз ететін нормативтік негізі мықты, өміршең де маңызды құжат екендігі бүгінгі таңда мойындалған ақиқат.

Конституция бүгін мемлекетімізді мекендейтін халықтардың тыныш әрі бейбіт өмір сүруінің кепілі болып отыр. Ата заң аясында Қазақстан әлем елдері алдында экономикалық реформалар жүргізу мен демократиялық қоғам қалыптастыруда, әр түрлі ұлт өкілдерінің бейбіт өмір сүруі және әлеуметтік мәселелердің оң шешім табуы жөнінен үлгі болуда. Мемлекет – бұл Конституцияның түлегі. Себебі, Конституция арқылы мемлекет өзінің халықаралық және ішкі деңгейдегі құқықтық мәртебесін бекітеді. Сол арқылы ол өз әрекетін құқықтық қамтамасыз етеді. Конституция – мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі. Осы тарихи құжат арқылы біз еркіндігіміздің негізін, тәуелсіздігіміздің іргетасын бекіте түстік. Бұдан былайғы кезеңде де тәуелсіз ел ретінде өркендей беруіміздің кепілі бола береді.

Алмагүл ТҮМЕНБАЕВА,
Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы.

МЕДИАЦИЯ

ЖАН-ЖАҚТЫ ТҮСІНДІРУ КЕРЕК

Халқымызда «Жығылған күреске тоймас» деген нақыл сөз бар. Сол теңеу бүгінгі таңда бір-бірімен ұзақ жылдар бойы соттасып, біреуі нақты жеңіске жете алмай жүрген азаматтарға қаратып айтылған сыңайлы.

Елбасымыз өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Біздің қазіргі кирилл әліпбиіндегі қазақ тіліміз – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Сонымен қатар қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, қырым, құмық, татар тілдеріне жақын. Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады, жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. 1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланылған. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді.

Еліміздің латын әліпбиіне көшуі ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл».

Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын айтып бөлісті. Солардың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды» – деп айтты. Әрине, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап салыстыра отырып жасалса құба-құп болар еді. Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр. Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.

Нұргүл БАЙМҰХАНБЕТОВА,
Талдықорған қаласындағы №2 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫ 2021 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАБЫС ТҮРІНДЕ 753 МИЛЛИАРДТАН АСТАМ ТЕҢГЕ АЛДЫ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының зейнетақы жинақтары 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 12,8триллион теңгеге жетті. Бәрімізге белгілі, бұл сома зейнетақы жарналары мен инвестициялық табысты қамтиды.

2021 жылғы 1 қаңтардан 1 шілдеге дейінгі бірінші жартыжылдықта БЖЗҚ салымшыларының шоттарына 753,3 млрд теңге мөлшерінде таза инвестициялық табыс есептелгенін атап өту маңызды. Бұл өткен жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 210 млрд теңгеге немесе 39% артық. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілік жыл басынан бері6,1%, ал инфляция 4,6% болды. Соңғы 12 айда инфляция 7,9%, кірістілік 12,1% көрсетті.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижелеріне сәйкес апта сайын қайта есептеледі және қайта бағаланады. Инвестициялық табыстың құрамына бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы, қаржы құралдарын нарықтық қайта бағалау, валюталық қайта бағалау түріндегі кірістер, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер және т. б. кіреді.

Жалпы, барлық зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға біріктірілген сәттен бастап Ұлттық банк қамтамасыз еткен инвестициялық табыс шамамен 5,4 трлн теңге болды. 2021 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы көлеміндегі таза инвестициялық табыстың үлесі 36,3% болды.

Егер Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған 1998 жылдан бергі кезеңді алсақ, таза инвестициялық табыс 6,2 триллион теңгеден асты. Осы уақыт ішінде инвестициялық кірістілік өсу қорытындысымен 645,77% құрады. Ал инфляция 524,09% болды. Осылайша жинақтаушы зейнетақы жүйесі қолданысқа енгізілгенсәттен бастап 2021 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің нақты кірістілігі 121,68%көрсетті.

Айта кету керек, зейнетақы жинақтары – бұл ұзақ мерзімді инвестициялар, сондықтан инвестициялық табыстың мөлшерін кемінде 1 (бір) жыл кезеңінде талдаған орынды. Қысқа мерзімді деректер (күнделікті, ай сайынғы және т.б.)көрсеткіш болып табылмайды, өйткені, олар күнделікті нарықтық жағдайға байланысты.

Инвестициялық басқару мен зейнетақы активтерін есепке алудың барлық жүйесі ашық: әрбір салымшы өзінің инвестициялық табысын enpf.kz сайтындағы жеке кабинеттен немесе ұялы қосымшаның көмегімен бақылай алады. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың ресми сайтындағы (www.enpf.kz) «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланып отырады.

Ұлттық банктен басқа БЖЗҚ салымшылары өз жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушы (ИПБ) компанияларға аудара алады. Қазіргі уақытта БЖЗҚ төрт ИПБ-мен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт жасады. Сіз бұл туралы ақпаратпен танысып, олардың инвестициялық декларацияларын enpf.kz веб-сайтындағы «Қызметтер» – «Инвестициялық портфельді басқарушылар тізілімі»бөлімінен көре аласыз.

БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында көзделген рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

Айта кетейік, «Jýsan Invest» АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері қызмет басталғаннан бері (2021 жылғы 15 наурыз) 2021 жылдың 1 шілдесіне 4,3% деңгейінде табыстылық көрсетті. «Halyk Global Markets» АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерінің осы кезеңдегі табыстылығы – 2,32%; «BCC Invest» АҚ – 2,96%. «Сентрас Секьюритиз» АҚзейнетақы активтерін 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап басқарады, осы уақыт ішіндегі инвестициялық табыстылық 2,76%болды.

Салымшы зейнеткерлік жасқа толғанға дейін Ұлттық Банктің басқаруында болатын зейнетақы жинақтарына инфляция деңгейі ескеріліп отыратын сақталу кепілдігі қолданылады. Зейнетақы жинақтары ИПБ-ның басқаруына аударылған жағдайда, мемлекеттік кепілдік басқарушы компанияның зейнетақы активтерінің ең төменгі кірістілік деңгейін қамтамасыз ететін кепілдігімен алмастырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта әрекет ететін ИПБ-ның басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігін негізге ала отырып есептелінеді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘДЕНИЕТ

ЖЕРЛЕСТЕРІНЕ АЛҒЫСЫН БІЛДІРДІ

ОБЛЫС ӘКІМІ АМАНДЫҚ БАТАЛОВ XXX ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ВИТЕБСКТЕГІ СЛАВЯН БАЗАРЫ» КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАР ФЕСТИВАЛІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ РУХИЯ БАЙДҮКЕНОВАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ. БҰ Л ТУРАЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Кездесуде Амандық Баталов бойындағы талант пен еңбекқорлығының арқасында Рухия Қазақстанды халықаралық аренада таныткандығын айтты. *«Байқауда жеңімпаз атанды дегенді естігенде қатты қуандым. Бұл – үлкен жетістік. Қазақстанды әлемдік деңгейге таныта білдің. Бойындағы талантыңа сөз жоқ. Бірақ еңбек пен алдыға деген ұмтылыс сені жеңіс тұғырына көтерді. Байқау алдында кездескенімізде өзіңе шын көңілден сәттілік тілеп едім. Тілегімнің орындалғанына қуанып отырмын. Есімдері тарихта алтын әріптермен жазылған Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Әлібек Дінішов секілді талант иелеріндей биік белестерден көріне бер. Өзіннің ерекше табиғи дауысың арқылы көптің жүрегін жаулап, шыңдарды бағындырғайсың. Бұл сенің қолыңнан келетініне сенімдімін. Бойыңдағы ұмтылыс пен болашаққа қойған мақсатың айқын. Оның үстіне талантты, еңбекқор жассың. Біз шын көңілімізден сенің жеткен жетістігіңе қуанамыз. Мақтан етіп қана қоймай, сәттілік серік болатынына сенеміз»,* – деді өңір басшысы.

Мұнан соң байқау жеңімпазы Рухия Байдүкенова да өзінің ыстық ықласын білдірді.

«Алғашқылардың бірі болып өзіңіз қолдау көрсеттіңіз. Маған артылған сенімді ақтай алғаныма қуаныштымын. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде осы халықаралық көркемөнерпаздар фестивалінде 3 рет Гран-При иегері атанылпты. Үшіншісін мен ұттым. Елім үшін мерейлі жылы өнерімді көрсетіп, жеңіске жеткенім кеудеме мақтаныш сезімін ұялатады. Маған менің сахнада өнер көрсетіп үйренген тәжірибем көп көмектесті. «Талдықорған әуендері» ансамблінің құрамында сахнада өнер көрсеткенмін. Бұл бойымдағы қобалжуды жеңуге септігін тигізді. Талдықорғандықтардың маған деген сенімі күш беріп, жеңіс тұғырына көтерді. Сол себепті жеңімпаз статуэтканы Амандық Ғаббасұлы өзіңізге табыс еткім келеді» – деді ол.



Өз кезегінде Амандық Баталов статуэтканы М. Тынышпаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайына сақтауға тапсырды.

Кездесуде Рухияның вокал бойынша ұстазы Серікжамал Әжібекова, белгілі тележүргізуші Қымбат Досжан да сөз алып, жүрекжарды лебіздерімен бөлісті.

Соңынан Рухия Байдүкенова жерлестерімен кездесті. Талдықорған қаласының меценаттары мен кәсіпкерлері оған "Hyundai" маркалы автокөлігін сыйға тартты. Сондай-ақ, Рухияның ұстазы Серікжамал Әжібекова мен қолдаушысы Қымбат Досжанға 1 млн. теңгенің сертификатын табыстады. Талдықорғандықтар талантты жастың өнеріне деген сүйіспеншілігін осылайша білдірді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ

ЖАС КЕЛСЕ ІСКЕ...

Ел үміт артқан депутаттар өз ісіне адал қызмет етіп жатса, нұр үстіне нұр ғой. Өз ісін тиянақты атқарып жүрген жандардың бірі «Ауыл» халықтық демократиялық партиясының депутаты Дмитрий Забегалинге ерекше алғыс айтқым келеді.

Оның сайланғанына аз уақыт өтсе де, істеген істері ауыз толтырып айтарлықтай. Түсінікті болу үшін айтайын. «Қасенов» шаруа қожалығы «Алтын дала» несие серіктестігінен қомақты несие алды. Уақытылы несиені төлеп, төлем мерзімі аяқталғаннан кейін кепілге қойған мүліктерін ала алмай сергелдеңге түседі. Зардап шеккен шаруа қожалығы басшысының бармаған жері, қақпаған есігі қалмады. «Алтын дала» несие серіктестігінің заңсыз әрекетіне шамасы келер адам табылмады. Уақыт өте келе Сарқан аудандық мәслихаты бойынша «Ауыл» демократиялық партиясындағы жас маман Забегалин Дмитрийге заңсыз іс әрекет бойынша шағым түсірді. «Жас келсе іске» демекші, ол бұл шағымды орынды деп танып, Талдықорған қаласындағы «Агрокредит» АК бірнеше рет барып, болған жағдай бойынша іс қозғады. Алғашқы сот отырысы өз нәтижесін берді де.

Депутат болып сайланған күннен Дмитрий Забегалин халықпен, яғни, ауыл тұрғындарымен жиі кездесулер өткізіп, ауыл жұртының айтқан өтінішіне құлақ түріп келеді. Ауылдағы өзекті мәселелер де оның назарынан тыс қаған емес. Айтар болсақ, Сарқан қаласының іргесіндегі тасада қалған Бірлік ауылында заман талабына сай ғаламтор желісі мен ауыл мен қалаға қатынайтын автобустың жоқтығын байқаған депутат бұл істің де шешімін табуға қол ұшын созуда.

Бір сөзбен айтсам, ел үніне құлақ түретін осындай депутаттардың қатары көбейе берсін деймін.

Бақытжан КАСЕНОВ,
«Қасенов» шаруа қожалығының басшысы.

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

ӘЛІППЕМ ҚАЙТА ОРАЛДЫ

Аспанмен мөлдір нұр тұнған,
Өлкеммен байтақ құлпырған.
Көліммен тулап шалқыған,
Тауларым жерді көмкерген.
Уақыт, арман күндермен,
Әліппем қайта оралды.

Шуағын төккен таңыммен,
Самалы ерке назыммен.
Шырқаған асқақ әніммен,
Аналық жүрек жырыммен,
Аталық мерей үніммен,
Әліппем қайта оралды.

Ауылды, қала төріммен,
Жұлдызды заңғар көгіммен.
Егінді, бау, бақ беліммен,
Тәуелсіз туған еліммен,
Қиыры шексіз даламмен,
Әліппем қайта оралды.

Ой сарайын ашқызған,
Білімге қанат қаққызған.
Қызыға қарап әр бір жан,
Мерейін төккен толқудан,
Ту түстес оқу кітәбім,
Әліппем қайта оралды.

Білімнің ашқан сарайын,
Құштарлық сезім алауым.
Арман, мақсат,талабым,
Оқитын сүйіп сабағым,
Мектепті ашқан балғынға,
Әліппем қайта оралды.

Серікбай ТҰРЛАН
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

ӨНЕР

ҚАЛҚАНЫҢ ӘНІ

Жыр алыбы Жамбыл бастаған халық ақындарының көшіне көз жібергенде солардың бел ортасында көзге түсетін ақын – Қалқа Жапсарбаев. Қалқа Жапсарбаев бұрынғы Талдықорған облысы, Киров ауданының Мұқыры ауылында кедей-шаруа семьясында дүниеге келген.

Жасынан ауыр тұрмыс тауқыметін тартқан Қалқаны ешнәрсе жасыта алмайды. Қолы сәл босаған шақта той-думаннан қалмай, қолына домбыра алып, ән салып, әнші болуды аңсайды. Қалқа өлеңдеріне көңіл тоқтатып қарағанда ең алдымен көзге түсетіні оның жырларының ақын өмірімен тікелей байланыстылығы. Ол өз өмірін айта отырып,сол арқылы бүкіл қазақ еңбекшілерінің көңілдегісін қозғайды.

Он жеті жасында Сиыршының қызы Нұрбаламен айтыс шымылдығын ашқан Қалқа – Омарбек, Байбосын, Қайрақбай Кенен, Әлімбет, Иманжан, Үмбетәлі, Нұрлыбек, Қуатпен айтысқан. Қалқа Жапсарбаев әдебет пен өнерге сіңірген еңбегі үшін 1939 жылы «Құрмет Белгісі» орденімен наградталды. Ал, 1961 жылы оған «Қазақ ССР-інің халық ақыны атағы берілді.

Салтанат КҮЛДІБАЙҚЫЗЫ,
М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КОНСТИТУЦИЯ

ОСНОВА РАЗВИТИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

30 августа в Казахстане отмечают День Конституции, который является государственным праздником и выходным днем на территории страны. Конституция Республики Казахстан, принятая на общенациональном референдуме 30 августа 1995 года (с последующими изменениями и дополнениями от 1998, 2007, 2011 и 2017 годов), — как основной закон страны отражает волю народа Казахстана, его стремление к утверждению страны «в качестве демократического, светского, правового и социального государства, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы».

Демократическое государство – понятие определяющее Казахстан, прежде всего как Республику, государство с Республиканским строем, в котором обеспечивается народовластие, разделение властей на законодательную, исполнительную и судебную; идеологическое и политическое многообразие и местное самоуправление.

Правовая охрана конституции - это совокупность юридических средств, обеспечивающих соблюдение режима конституционной законности. Особое место в защите Конституции и конституционного строя принадлежит Президенту РК, который, как глава государства и его высшее должностное лицо, является гарантом незыблемости Конституции; обязанность строго следовать Конституции входит в содержание его присяги.

Конституция РК - единый, обладающий особыми юридическими свойствами правовой акт, посредством которого народ учреждает основные принципы устройства общества и государства, определяет субъекты государственной власти, механизм ее осуществления, закрепляет охраняемые государством права человека и гражданина.

Конституция РК - ядро правовой системы государства, основа развития законодательства. Гражданское законодательство РК построено с учетом конституционных принципов многообразия и равенства форм собственности, единства экономического пространства,свободы экономической деятельности и предпринимательства, поддержки добросовестной конкуренции. Трудовое законодательство построено на основе конституционных положений о свободе труда, праве на отдых, на ежегодный оплачиваемый отпуск, на разрешение трудовых споров и др. Семейное законодательство не может не учитывать положение ст. 27 Конституции РК о государственной защите семьи, материнства и детства, основных правах и обязанностях родителей и детей и т. д.

Таким образом, Конституция Республики Казахстан является основным источником не только конституционного права, но и всех других отраслей казахстанской системы права, обладающий высшей юридической силой и стабильностью, закрепляющий и регулирующий базовые общественные отношения в сфере правового статуса личности, институтов гражданского общества, организации государства и функционирования публичной власти, является актом, положившим начало новому этапу конституционного развития независимого, суверенного государства Казахстан.Именно Конституция определяет сам процесс правотворчества - устанавливает, какие основные акты принимают различные органы, их наименования, юридическую порядок и процедуру принятия законов.

Эльмира АСУБАЕВА,
председатель Алакольского районного суда.

КОНСТИТУЦИЯ РК, ПРИНЯТАЯ НА РЕСПУБЛИКАНСКОМ РЕФЕРЕНДУМЕ 30 АВГУСТА 1995 ГОДА, ЯВЛЯЕТСЯ ОСНОВНЫМ ЗАКОНОМ СТРАНЫ. НЕСМОТРЯ НА ТО, ЧТО В ОФИЦИАЛЬНОМ НАЗВАНИИ И ТЕКСТЕ ЭТОТ ТЕРМИН ОТСУТСТВУЕТ (В ОТЛИЧИЕ, НАПРИМЕР, ОТ КОНСТИТУЦИЙ МОНГОЛИИ, ГВИНЕИ И ДРУГИХ ГОСУДАРСТВ), ЭТО СВОЙСТВО ВЫТЕКАЕТ ИЗ САМОЙ ПРАВОВОЙ ПРИРОДЫ И СУЩНОСТИ КОНСТИТУЦИИ. ОНА ПРИЗВАНА ЗАКРЕПИТЬ КОНСТИТУЦИОННЫЙ СТРОЙ И ЕГО ОСНОВЫ, ПРАВА И СВОБОДЫ ЧЕЛОВЕКА И ГРАЖДАНИНА, ОСНОВЫ ОРГАНИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВА, А ТАКЖЕ ОСНОВЫ ОРГАНИЗАЦИИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ВЛАСТИ.

ВЫСШЕЙ ЦЕННОСТЬЮ ЯВЛЯЕТСЯ ЧЕЛОВЕК

Конституция РК, принятая на республиканском референдуме 30 августа 1995 года, является основным законом страны. Несмотря на то, что в официальном названии и тексте этот термин отсутствует (в отличие, например, от конституций Монголии, Гвинеи и других государств), это свойство вытекает из самой правовой природы и сущности конституции. Она призвана закрепить конституционный строй и его основы, права и свободы человека и гражданина, основы организации государства, а также основы организации осуществления власти.

Конституции РК означают также, что с ее принципами, нормами, заложенными в ней концепциями, должна сообразовываться деятельность всех государственных, общественных структур, граждан во всех сферах жизни. Конституция выступает как бы доминантой всего общественного развития.

Конституция Республики обладает высшей юридической силой по отношению ко всем остальным правовым актам: ни один правовой акт, принимаемый в стране (конституционный закон, Указ Президента РК, Постановление Правительства РК, акт регионального правотворчества, судебное решение и т. д.), не может противоречить Основному Закону, а в случае противоречия (юридических коллизий) приоритет имеют нормы Конституции.

Так как конституционный строй РК, включает целую систему общественных отношений, складывающихся в обществе, в его закреплении участвуют не отдельные правовые нормы и не отдельные отрасли права, а все отрасли национального права.

Главную роль среди них играют нормы, закрепляющие основные устои и принципы конституционного строя РК, в которых находит выражение его гуманная сущность, приверженность демократическим идеалам. В качестве устоев и принципов выступают основы конституционного строя, которые должны обеспечивать РК характер конституционного государства.

Так, Конституция дала народу в Казахстане самое главное — право выбора. Первой статьей Конституции Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы.

Айнур МЕДЕЕВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского специализированного межрайонного административного суда.

МЕДИАЦИЯ

ПОЗИТИВНОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ НА СУДЕБНУЮ СИСТЕМУ

Большинство лиц, считающих, что их права кем-то нарушены, обращаются за защитой в правоохранительные органы и суды. Но, немало и таких, которые пытаются урегулировать конфликт иными способами: совершают самоуправство, применяют физическое и психическое насилие и т.п. Такие методы защиты своих действительных или предполагаемых прав нередко граничат с нарушениями закона, и как следствие - влекут установленную законодательством ответственность.

В целях создания для граждан и юридических лиц правовой основы для выбора способа разрешения возникшего спора (конфликта), в том числе и без обращения в соответствующие государственные органы, а также в целях упорядочения деятельности лиц, участвующих в урегулировании конфликтных ситуаций (медиаторов) 28 января 2011 года принят Закон Республики Казахстан "О медиации".

Медиация - процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами при содействии медиатора (медиаторов) в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, реализуемая по добровольному согласию сторон;Медиатор - это не защитник, не обвинитель, не арбитр, не консультант, не советчик и не переносчик информаций, а есть независимое, нейтральное и беспристрастное физическое лицо, выбираемое сторонами спора, который помогает сторонам самим найти решение в ходе обсуждения их конфликта.С 01 января 2016 года на законодательном уровне путем включения в новый Гражданский процессуальный кодекс, действует судебная медиация.

Судебная медиация – примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры, медиация – форма внесудебного разрешения споров с помощью третьей нейтральной, беспристрастной стороны – медиатора. Во время процедуры медиации стороны, участвующие в конфликте, самостоятельно приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт, знания и умения медиатора. Разрешение споров полностью зависит от воли самих спорящих. Особенностями медиации является то, что процедура гибкая, неофициальная и неформальная. В медиации не выясняется кто прав, а кто виновен. Основная цель медиации – конструктивный поиск решений возникших противоречий. Внедрение медиативных форм разрешения споров окажет позитивное воздействие на судебную систему.

Бакыт ЖАПРАРОВА,
главный специалист Текелийского городского суда.

ВАКЦИНА

ЗАВЕРШАЕТСЯ ПРИВИВОЧНАЯ КОМПАНИЯ

На многих крупных предприятиях Алматинской области завершена прививочная компания против COVID-19. Благодаря высокому проценту вакцинированных и сформированному коллективному иммунитету на предприятиях не зарегистрированы факты заражения и сохраняются темпы роста производства, - сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей.

В группе компаний «Шин-Лайн», на сегодня привиты от коронавирусной инфекции 75% сотрудников, а в непосредственно в ТОО «Шин-Лайн», выпускающем мороженое, 89% работников получили вакцину. Своим личным примером убеждал сотрудников президент группы компаний «Шин-Лайн» Андрей Шин.

«В компании «Шин-Лайн» в целях обеспечения безопасности здоровья сотрудников принято решение провести вакцинацию в коллективе – мы считаем на сегодня это единственным надежным способом обезопасить людей от заражения COVID-19, а предприятию позволить работать бесперебойно. Вакцинацию было решено провести на предприятии, и эта акция стартовала еще 15 апреля. Мы ответственно относимся ко всему, что связано с безопасностью выпускаемой продукции, поэтому руководствуемся рекомендациями санитарных служб и ведем постоянную разъяснительную работу. Просвещение относительно необходимости прививки своих сотрудников — стало важной задачей руководства. Мы разговаривали с сотрудниками», — рассказал Андрей Шин.

В фармацевтическом заводе «Kelun – Kazpharm» работает 312 человек. Как отметили в предприятии, в ходе прививочной компании, начавшаяся в мае текущего года, вакцинированы более половины сотрудников.

По словам менеджера по регистрации лекарственных средств Абая Масакбаева, он одним первых получил прививку, чтобы «защитить себя и семью от риска заражения коронавирусной инфекцией».

«Коронавирус распространяется по всему миру уже более года, и пока неизвестно, когда он закончится. Ношение маски, соблюдение личной гигиены, соблюдение специальной социальной дистанции и вакцинация являются наиболее эффективными мерами профилактики эпидемий в повседневной жизни. Лучше вакцинироваться, чем потом болеть», — рассказал он.

В «Kelun – Kazpharm» также подчеркнули, что прививочная кампания позволила продолжить бесперебойное производство и поставку лекарственных средств:

«Сегодня медицинские препараты является особым товаром, и во время эпидемии следует обеспечить качественную поставку продукции. Чтобы предотвратить заражение вирусом, мы должны откликнуться на призыв государства о вакцинации и проявить свою социальную ответственность в этот непростой этап для всех».

По данным акимата Алматинской области, по состоянию на 24 августа в регионе первым компонентом вакцины от Covid-19 привито 647 744 человека. Второй компонент вакцины получили 515 544 человек.

Ш. БАТОВ.

ДЕЛОВАЯ ВСТРЕЧА

В ПОЛМИЛЛИОНА ТЕНГЕ

может обойтись предпринимателям обязательная маркировка сигарет

Как сообщает пресс-служба региональной палаты предпринимателей, вТалдыкоргане представители «магазина у дома» предлагают упростить маркировку табачных изделий. В противном случае владелец магазина будет вынужден потратить не менее полмиллиона тенге для внедрения системы маркировки. Об этом предприниматели озвучили на встрече в «Атамекене» с представителями Центра развития цифровой экономики и ДГД Алматинской области, сообщает Палата предпринимателей Алматинской области.

По словам владельцев торговых магазинов, обязательная цифровая маркировка сигарет, введенная в октябре прошлого года, налагает определенные затраты на бизнес.

«Любое нововведение несет за собой материальные затраты. Мы считаем, что маркировка принесет за собой очередное удорожание товаров. К примеру, сканер для маркировки стоит 23-27 тысяч тенге. Опять же, не все сканеры соответствуют кассовым аппаратам. Стоимость кассовых аппаратов начинаются от 60 тысяч. Старые кассовые аппараты предусматривают всего лишь 400-500 наименований товаров. А в сигаретах порядка 1800 наименований! Кроме того, мы столкнулись с такой проблемой, что когда сканируем код, то аппарат не может определить наименование. Фактически покупка сканера, принтера чеков, пост терминала, ноутбука нам обойдется в 500 тысяч тенге как минимум», - сообщил председатель ассоциации «Вместе мы - сила», член Общественной палаты города Талдыкорган Эдиль Казакпаев.

Эксперт также считает, что предлагаемый сканер кода DataMatrix является дублированием имеющихся данных в информационной системе. Кроме того, процесс подтверждения акта приема-передачи в системе маркировки требует определенного времени и усложняет работу, уверены предприниматели. Вопрос о низкой скорости и отсутствия Интернета также остается открытым.

Чтобы продавать маркированный табак, розничному магазину необходимо зарегистрироваться в системе маркировки на сайте markirovka.kz. Далее приобрести 2D-сканер, «перепрошить» кассовый аппарат и начать принимать товар, маркированный кодом DataMatrix.

Представители Центра развития цифровой экономики отметили, что для предпринимателей есть и бесплатная альтернатива - мобильное приложение NaqtySauda.

«Центр развития цифровой экономики создан для реализации единой национальной системы цифровой маркировки и прослеживаемости товаров. Цель обязательной маркировки - защита населения от потребления контрафактной продукции и вывод из тени нелегального оборота. В Талдыкоргане мы посетили и ознакомились с системой подхода нескольких «магазинов у дома». Обсудили проблемы и предложения предпринимателей, которые в дальнейшем будут рассмотрены и учтены в нашей работе», — рассказала руководитель проекта по работе с розничным бизнесом Алина Черанева.

Подводя итоги встречи, эксперт Палаты предпринимателей Алматинской области Санат Тусипов отметил, что разработчиками должно принято во внимание предложения бизнеса об упрощении применения системы маркировки и проработана обратная связь с предпринимательским сообществом.

Полосу подготовил Ш. ХАМИТОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГРЭППЛИНГ

ЖЕТІСУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ ОРАЛДЫ

РЕСЕЙДІҢ УФА ҚАЛАСЫНДА ГРЭППЛИНГ UWW КҮРЕСІНЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ЖАСТАР АРАСЫНДА ӨТКЕН ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕГЕ ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ 13 СПОРТШЫСЫ БАРЫП, 5 АЛТЫН, 3 КҮМІС, 4 ҚОЛА МЕДАЛЬДІ ЕНШІЛЕП ҚАЙТТЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ "ЖЕТІСУ" ГАЗЕТІНІҢ ТІЛШІСІ ХАБАРЛАДЫ.

Атап айтсақ, Нұрбек Мырзалинов, Дарын Кенжебай, Артем Хван, Ботакөз Елдосқызы мен Ескендір Юлдашев алтыннан алқа тақса, Зуляр Шарафудинов, Диас Анвар және Данагүл Талғатқызы күміспен күптелді. Ал Анаят Сыдыков, Анар Ақан, Нұрайым Мұңайтпас, Дильназ Үсенова қола жүлдені қанжығасына байлады.

Осыған орай, Жетісу жұртшылығы Талдықорғандағы «Жастар» спорт сарайының алдына жиналып, толағай табысқа жеткен спортшыларды құшақ жая қарсы алды.

Шара барысында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Алмат Үшкемпіров сөз алып, спортшыларды құттықтады. «Сіздер бүгінгі күннің батыры, ел мақтанышысыздар! Бақ пен баптың сыналар шағында жігерлік танытып, жеңістің желкенін көтерген спортшыларды шын жүректен құттықтаймын! Алдағы жарыстарыңа да жеңіс тілеймін!» – деді ол.

Осыдан кейін жиналған жұртшылық жеңімпаздардың құшағын гүлге толтырып, ізгі тілектерін білдірді.

Шара барысында Айдос Мұсабаев: «13 спортшымның 12-сі жүлде алды. Кадеттер арасында Дарын Кенжебай деген баламыз чемпион атанды. Ол 2019 жылы Бакуде балалар арасында өткен әлем біріншілігінде чемпион атанған болатын. Ал төрт қызымыз күміс және қола жүлдені еншіледі. Жастар арасында Ботакөз Елдосқызы екі дүркін әлем чемпионы атанды. Нұрбек Мырзалинов деген спортшым жастар арасындағы жарыста топ жарды. Алдағы жоспарымыз бұдан да биік межені бағындыру», – деген бапкер жетісулық спортшылардың талантына оң бағасын берді. Сонымен қатар, бапкер қыркүйек айында Нұр-Сұлтан қаласында өтетін әлем біріншілігіне іріктеуге дайындалатынын айтты.

Әлем чемпионы Нұрбек Мырзалинов:

– Спортқа қатысқаныма 8 жыл болды. Бұл менің әлем біріншілігіндегі алғашқы алтыным. Додадағы барлық қарсыласым мықты болды. Бірінші татами төріне румыниялық спортшымен шығып, қолды ауырту әдісі арқылы ұттым. Екінші кездесуде ресейлік мықтыны, одан кейін белорус өкілін тізе бүктірдім. Жеңіске атаанам мен бапкерімнің арқасында жеттім. Алдымен сол кісілерге алғысымды айтамын, – деді.

Айдар НАЗАРҰЛЫ
Алматы облысы

ЕСКЕК ЕСУ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫ АҚШ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Оклахома-Сити қаласында (АҚШ) 21-24 тамыз аралығында ескек есу мен каноэде есуден АҚШ-тың ашық чемпионаты өтті. Жарысқа АҚШ пен әлемнің жетекші спортшылары қатысты, оның ішінде тарихта алғаш рет қазақстандық спортшы қатысты.

Халықаралық спорт шебері, Нұр-Сұлтан балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушісі Ануар Акчурин АҚШ спортшысы Гэвин Росспен бірге дуэ-каноэде 200 метр қашықтықта бірінші орынды иеленді.

Жалпы, жарыстың қорытын-дысы бойынша қазақстандық спортшы алтын және төрт күміс медаль жеңіп алды. 21 тамызда екі күміс медаль, 23 тамызда жеке жарыста күміс медаль, 24 тамызда каноэ-екіде 200 метр қашықтықта алтын медаль және каноэ-төртте 500 метр қашықтықта АҚШ спортшыларымен бірге күміс медаль алды.

Әсел САРҚЫТ

ЖЕКПЕ-ЖЕК

Татарстанның астанасы Қазан қаласында ММА аралас жекпе-жегінен 18-20 жас аралығындағы жастар және 21 жастан асқан ересектер арасында өткен Еуропа чемпионатында Қарағанды облысынан қатысқан шеберлер сәтті өнер көрсетті.

ҚАЗАНДА ҚАРСЫЛАСҚА ДЕС БЕРМЕДІ

Жалпы, аталған додаға 14 елден 250-ден астам спортшы қатысқан. Ал Қазақстанның ұлттық құрама командасы сапында ел намысын қорғаған 27 шебердің қатарында Қарағандыдан екі спортшы болды.

Облыстың атынан барған ше¬берлер Данил Губин мен Аңсар Қасымжанов чемпионат қоры¬тындысында бір алтын және бір қола жүлдені жеңіп алып, өзде¬ріне артылған сенімді ақтады.

Еуропа чемпионы болған Данил Губин ММА жекпе-жегімен алты жасынан бері айналысады екен. Он тоғыз жастағы өрен осы жарыста үйде алған жарақатына қарамастан, жоғары деңгейде өнер көрсетіпті. Финалдық жекпе-жекте ол 77,1 кило салмақ дәре¬жесінде сынға түсіп, Алматы облысынан келген қарсыласы Досжан Кенжебаевты ұпай санымен жеңген.

Қазандағы Еуропа чемпионатында Қазақстан құрамасы сапындағы аралас жекпе-жек шеберлері үш алтын, жеті күміс және сегіз қола медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтерілген.

Қайрат ӘБІЛДА

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

ЖАМПОЗДАРЫ БАҚ СЫНАДЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу аясында ұлттық спорт түрлерінен республикалық «Ұлы дала рухы» фестивалі өтті.

Көкпар, теңге ілу, аударыспақ, жамбы ату, қазақ күресі, тоғыз құмалақ, асық ату сияқты спорт түрлері бойынша сайыстар командалық тәртіппен ұйымдастырылып жатыр.

Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті, сонымен қатар «Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы» РМҚК мұрындық болған жарыстың көрігі қызып жатқанына бір аптаға жуықтап қалғанын айта кетейік. Екі кезеңнен тұратын фестваль екі айдан астам уақытқа созылуға тиіс. Алғашқы кезеңдегі аймақтық іріктеу жарыстары төрт аймақта өтеді. Теріскейдегі төрт облыстың жампоздары жарысқан алғашқы кезең сайыстары өткен аптада Көкшетау қаласында өтті. Осы аптаның ішінде өзге облыстардың да кезегі келіп тұр. Аймақтардағы іріктеу жарыстары қазан айының басында мәреге жетеді. Еліміздегі 14 облыс, 3 қала командалары арасынан үздік шыққандар фестивальдің шешуші кезеңінде, яғни финалда өнер көрсетеді.

Ұлттық спорт түрлерінен «Ұлы дала рухы» республикалық фестивалінің солтүстік өңірінің жеңімпаз командалары анықталғанын жоғарыда айтып өттік. Батыс аймақтық іріктеу жарыстары аясында 26-28 тамызда Орал қаласында көкпар, теңге ілу, аударыспақ, жамбы атудан спортшылар қалалық атшабарда сыңға түссе, қазақ күресі мен асық атудан – жоғары спорттық шеберлік мектебінде, тоғызқұмалақтан – оқушылар сарайында бәсекелер өтеді. Батыс аймақ іріктеу жарыстарына БҚО, Маңғыстау, Қызылорда, Атырау, Ақтөбе облыстарынан 225 спортшы қатысады деп күтілуде.

Egemen.kz.

ТОКИО-2020

VI ПАРАЛИМПИАДАДА БАСТАЛДЫ

Жапония астанасы Токио қаласында өтіп жатқан VI Паралимпиадада 26 тамызда екі қазақстандық спортшы сайысқа түседі.

26 тамыз күні парапауэрлифтингтен жарыстар басталды. Екі қазақстандық ел намысын қорғайды. Қазақстандық спортшылардың ойын көрсету кестесі (елорда уақытымен): Парапауэрлифтинг. Әйелдер арасынан 45 келі. 13.30 - Алина Солодухина Парапауэрлифтинг. Ерлер арасында 54 келі. 15.30 - Давид Дегтярев. Дүбірлі дода 24 тамыз және 5 қыркүйек аралығында өткізіледі.

Аталған жарыста еліміздің атынан барған 26 спортшы спорттың 7 түрінен сынға түседі. Қазақстандық спортшылар 1996 жылдан бері Жазғы Паралимпиада ойындарына қатысып келеді. Бұған дейін Қазақстан құрамасы сапынан екі спортшы жүлдеге қол жеткізді. 2016 жылы Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында Зульфия Габидуллина еркін әдіспен 100 метрге суға жүзуден чемпион атанды. Сол жолы тағы бір қазақстандық Раушан Қойшыбаева пауэрлифтингтен әйелдер арасында 67 келіде күміс жүлдегер атанды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ҮЙІРМЕДЕН үйренері көп

Гүлнұр ЕРМЕККЫЗЫ: *«Қызымның есімі – Аружан. Ол 8 жаста. Кішкентайынан өнерге жақын болған соң ән-би үйірмелеріне қатыстырып жүрдік. Екі жасынан бастап №4 ясли балабақшасында болды. Ол жерде де өнерін көрсетіп, барлық үйірмеден жүлделі орындар алып жүрді. Ән-би үйірмесінің ұстаздары Бағлан, Алмагул, Назым сынды ұстаздарға алғыс айтамын. Алты жасынан бастап №12 орта мектеп гимназиясының 1сыныбына барды. Өте биязы, қарапайым, жанашыр, сондай қамқор, кішіпейіл, ақ көңіл жан. Қызымның болшағынан зор үміт күтемін. Оның армандаған арманы орындалып, тек биіктен көрінсе екен деймін.*

Діттеген ойына, мақсатына жетуде Алла тағала ұзақ ғұмыр берсін деп тілеймін.

Талдықорған қаласында көптеген баланы дамыту шығармашылық ұйымдар ашылды. Соның ішінде өзіме де қызыма да ұнағаны –«Мейірім» балалар шығармашылық орталығы болды. Неге десеңіз, мұнда онлайн тіркелу, тегін үйірме, мықты мамандар тартылған және тұрғылықты жерге жақын, қауіпсіз

аймақта орналасқан. Шығармашылық орталығындағы Нұргүл, Мирас сынды ұлағатты ұстаздарға ерекше алғысымды білдіріп, еңбектеріне табыс, дендеріне саулық тілеймін, талантты да талапты шәкірттерінің шығармашылығы шарықтай берсін».

Аружан НЕСІПХАН: *«Талдықорған қаласында №12 орта мектеп гимназиясының 3 сынып оқушысымын. Отбасында бір өзім ғана. Кішкентайымнан бастап ата - анамның көмегімен жоспар құрып үйрендім. Өзім жақсы көретін іспен айналысқанды жақсы көрем. Сурет салуды, ән айтып, би билегенді, мәнерлеп оқуды үйреніп жүрмін. Менің 87 жастағы әжем бар, сол кісі көрпе тігеді. Мен оған тігіп көмектеспесем де, көрпенің бір шетін ұстап, инені қалай қолдану керек екенін түсініп қалдым. Биылғы жазғы демалыста анам өте қуанышты хабарын айтты. «Көрікті қаламыздан «Мейірім» балалар шығармашылық орталық ашылды, сен сол жерге барасың ба деп сұрады. Онда түрлі өнер үйірмелер барын және бәрі тегін екенін жеткізді. Мен сөзге келмей барайыншы деп қуанып кеттім. Анашым екеуміз ақылдаса әрі өзіме ұнаған кестелеу үйірмесіне жазылуды ұйғардым. Кестелеу үйірмесінде тігін тігуді, матамен жұмыс жасауды үйренемін, бұл өзіме де жақсы ғой.*

Осылайша «Мейірім» балалар шығармашылық орталығының ұстаздарымен таныстым, жаңа достар таптым. Кестелеу үйірмесіне барып жүргеніме

көп бола қойған жоқ, бірақ біраз зат үйрендім. Бұл үйірмеде тігіс түрлерін, заттарға жиектемелер тігу және де басқа әрлеу түрлерімен таныстым. Жақында тағы бір арманымның кішкентай бір үлесі орындалды. Шығармашылық орталығында видео түсірілім мен монтаж үйірмесіне қатысып жүрмін. «Мейірім» балалар шығармашылық орталығының ұстаздары Нұргүл апай мен Мирас ағайға алғысым шексіз».

УАҚЫТТЫ тиімді пайдаланған балалар

Айдана САҒЫНҒАНОВА: *«Мейірім» шығармашылық орталығы ашылғалы ұлым Дінислам барып жүр. Жазда Қызылордадан қонаққа келген жақынымыздың балалары – Санжар мен Нұрдана да уақыттарын босқа өткізбейік деп үйірмеге қатысты.*

Дінислам шешендік өнер және лепка үйірмесіне барып жүр. Санжар графика және лепка үйірмесіне қатысса, Нұрдана батик және лепка үйірмелерінен дәріс алды.

Ана ретінде «Мейірім» шығармашылық орталығының мұғалімдеріне үлкен алғысымды білдіремін. Мұндағы ұстаздар балаларға деген қамқорлығы мен сүйіспеншіліктерін аямай, өнерлерін ұштау үстінде.

Балаларымыз орталыққа бару сәтін ерекше күтіп, асыға барады. Өз қолдарымен жасаған, үйренген заттарын мақтанышпен айтып отырады. Әр баланың жүрегінен орын таба білген «Мейірім» шығармашылық орталығы ұжымына алдағы уақытта шығармашылық табыстар мен үлкен жетістіктер тілеймін».

* * *

Санжар ҚОЯНБАЕВ: *«Жасым сегізде. Қызылорда облысының Арал қаласында тұрамын. Мен уақытты босқа өткізгенді ұнатпаймын. Ізденісті, көп оқығанды жөн көремін. Жазғы демалысты қызықты өткізу барлық баланың арманы деп ойлай-*

мын. Осы жазды ерекше өткіздім десем болады.

Талдықорған қаласына тәтемнің үйіне келіп, Жетісудың әсем қаласымен таныстым. Талдықорғанның ең әдемі жерлерін көріп, табиғатына тамсандым. Тәтем жаз айында бізді бос жүрмесін деп «Мейірім» шығармашылық орталығына берді. Орталықтың ерекшелігі барлық бала тегін үйірмеге қатыса алады. Мен графика және лепка үйірмесіне қатыстым. Графика үйірмесінде көптеген геометриялық кескіндермен жұмыс жасадық. Ал лепка үйірмесі өте қызықты. Клара атты апайымыз ермексаздан көп затты жасауға болатынын үйретті. Маған орталық ерекше ұнады. Себебі, осы жерде жаңа достармен таныстым және мұғалімдеріміздан көп дүние үйрендім».

Нұрдана АБЫЛАЙҚЫЗЫ: *«Орталықта батик және лепка үйірмесінен дәріс алдым. Осы үйірмеден мен алғаш рет матаға таспен бояп сурет салуды, кестелеп өнерлеуді үйрендім. Шығармашылық орталықтың ұстаздарына үлкен алғысымды білдіремін. Жаңа орта, жаңа достар таптым. Биылғы каникул мен үшін ерекше өтті десем болады.Үйге барғанымда осы орталықтан үйренгенімді мақтанышпен айтып отыратын болдым».*

Дінислам ДАНИЯРҰЛЫ: *«Жасым жетіде. Қыркүйекте бірінші сыныпқа барамын. Отбасында – әкем, анам және мен. Өзім спортпен айналысқанды ұнатамын. Әкем мен анам менің ақылды, батыл болып өсуімді қалайды. Менде ата-анамның сенімін ақтауға тырысамын. Жазғы демалыста ағам мен тәтем қыдырып келді. Қызылордадан келген қонақтар менімен бірге «Мейірім» шығармашылық орталығына жазылып, үйірмелерге қатыстық.*

Орталық маған қатты ұнайды. Мен шешендік өнер және лепка үйірмесіне қатысамын. Шешендік өнерде көптеген қызықты аңыз әңгімелер, ертегілер тыңдаймыз. Бата жаттап үйреніп жүрмін. Лепка үйірмесі маған ерекше ұнайды. Мұндағы ұстаздарымды қатты жақсы көремін. «Мейірім» шығармашылық орталығы, бұл – менің алғашқы мектебім».

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші
Жания КАРАУЛОВА – тілші

Кезекші редактор: А. ӘСКЕРБЕК

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 833
Индекс 15534